

БИНИИИИ: 050940004241

№ счёта на оплату: 24670

Наименование: ТОО "QS Azia Setik"

Выдан документ РГП на ПХВ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

Дата выдачи: 09.10.2019



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

**Еңбек қауіпсуздігі және денсаулық сақтау менеджменті жүйесі
ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ
Системы менеджмента безопасности труда и охраны здоровья
ТРЕБОВАНИЯ И РУКОВОДСТВО ПО ПРИМЕНЕНИЮ**

ҚР СТ ISO 45001-2019

*(ISO 45001:2018 Occupational health and safety management systems.
Requirements with guidance for use, IDT)*

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму
министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Нұр-Сұлтан

Наименование: ТОО "QS Azia Setik"

Выдан документ РГП на ПХВ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

Дата выдачи: 09.10.2019

БИЛЛИН: 050940004241

№ счета на оплату: 24670



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

**Еңбек қауіпсуздігі және денсаулық сақтау менеджменті жүйесі
ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**

ҚР СТ ISO 45001-2019

*(ISO 45001:2018 Occupational health and safety management systems.
Requirements with guidance for use, IDT)*

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму
министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Нұр-Сұлтан

БИНИИИИ: 050940004241

№ счёта на оплату: 24670

Дата выдачи: 09.10.2019

Наименование: ТОО "QS Azia Setik"
Выдан документ РГТ на ПХВ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

**1 «Қазақстан сәйкестікті бағалау органдар қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі
ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

**2 Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2019 жылғы 15 сәуірдегі
№ 178-од бұйрығымен БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

**3 Осы стандарт ISO 45001:2018 Occupational health and safety management systems.
Requirements with guidance for use (Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау менеджменті
жүйесі. Пайдалану жөніндегі талаптар мен нұсқаулық) стандартымен бірдей.**

Халықаралық стандартты ISO/TC 283 «Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау
менеджменті жүйесі» жобалау комитеті әзірледі.

Ағылшын (en) тілінен аударылған.

Негізінде осы ұлттық стандарт дайындалған (әзірленген) және оған сілтемелер
берілген еуропалық стандарттардың ресми данасы Нормативтік техникалық құжаттардың
бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

Сәйкестік дәрежесі -бірдей (IDT).

**4 Осы стандартта 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы»
және 2018 жылғы 5 қазандағы № 183-VI ҚРЗ «Стандарттау туралы» Қазақстан
Республикасының Заңдарың нормалары іске асырылған.**

**5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2024 жылы
5 жыл**

6 ҚР СТ OHSAS 18001-2008 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

*Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын
«Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесінде, ал
өзгерістер мен түзетулер мәтіні ай сайын басып шығарылатын «Ұлттық
стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған
(ауыстырылған) немесе күші жойылған жағдайда, тиісті хабарлама ай сайын басып
шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады*

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму
министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми
басылым ретінде Қазақстан Республикасы аумағында толықтай немесе бөлшектеліп
басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Кіріспе

1 Кіріспе ережелер

Ұйым қызметкерлердің және өзінің қызметі қамтуы мүмкін басқа да адамдардың денсаулығын сақтауға және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты болады. Бұл жауапкершілік олардың физикалық және ақыл-ой денсаулығын сақтау мен қорғауды қамтиды.

Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау жөніндегі менеджмент жүйесін қабылдау (ЕҚ және ДС) мақсаты ұйымдарға денсаулыққа қауіпсіз және қолайлы жұмыс орындарын құруға, жұмысқа байланысты жарақаттардың алдын алуға және денсаулық жағдайының нашарлауына, сондай-ақ ЕҚ және ДС саласындағы қызметтің нәтижелерін үнемі жақсартуға мүмкіндік беру.

2 ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің мақсаты

ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің мақсаты ұйымдарға ЕҚ және ДС саласындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктер менеджменті үшін негіз құру болып табылады. ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің мақсаты мен күтілетін нәтижесі жұмысқа байланысты жарақаттардың алдын алу және қызметкерлердің денсаулық жағдайының нашарлауы, сондай-ақ оларды қауіпсіз және денсаулыққа қолайлы жұмыс орындарымен қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан ұйым үшін нәтижелі алдын алу және қорғау шараларының көмегімен ЕҚ және ДС саласындағы қауіпті жою және тәуекелдерді азайту өте маңызды болып табылады.

Мұндай шараларды ұйым оның ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің жұмыс істеуі арқылы іске асырған кезде, олар ЕҚ және ДС саласындағы қызметінің нәтижелерін жақсартады. Егер ЕҚ және ДС саласындағы қызметтің нәтижелерін жақсарту үшін әлеуетті мүмкіндіктерге әрекет ету бойынша іс-әрекеттер қабылданса, ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі неғұрлым нәтижелі және тиімді болуы мүмкін.

Осы стандартқа сәйкес келетін ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін енгізу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету ұйымға ЕҚ және ДС саласындағы өз тәуекелдерінің менеджментін жүзеге асыруға және ЕҚ және ДС саласындағы өз қызметінің нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі ұйымға қатысты құқықтық және басқа да талаптарды орындауға көмектесе ал.

3 Табыс факторлары

ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін енгізу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету ұйымның жүзеге асырылатын қызметке тікелей қатысты стратегиялық шешімі болып табылады. ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің тиімділігі оның көшбасшылық, адалдық көріністеріне және ұйымның барлық деңгейлерінің және барлық функционалдық құрылымдарының қызметтеріне белсенді қатысуына байланысты болады.

ЕҚ және ДС менеджменті жүйесін енгізу, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және оны жұмысқа қабілетті күйде ұстау, оның нәтижелілігі және белгіленген нәтижелерге жету қабілеті бірқатар негізгі факторларға байланысты, ол мыналарды қамтиды:

- a) жоғары басшылықтың көшбасшылығы, адалдығы, жауапкершілігі және есеп берушілігі;
- b) ұйымда жоғары басшылық тарапынан ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің алға қойған нәтижелерге қол жеткізуіне қолдау көрсететін фирма ішіндегі мәдениетті қалыптастыру, басқару;

ҚР СТ ISO 45001-2019

- с) коммуникация;
- д) қызметкерлермен консультациялар және қызметкерлердің қатысуы, сондай-ақ бар болса қызметкерлер өкілдерімен консультациялар және осы өкілдердің қатысуы;
- е) жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті ресурстарды бөлу;
- ф) ұйымның жалпы стратегиялық мақсаттарымен және даму бағытымен келісілген ЕҚ және ДС саласындағы саясат;
- г) ЕҚ және ДС саласындағы қауіптерді анықтау, тәуекелдерді басқару және ЕҚ және ДС саласындағы мүмкіндіктермен нұсанылатын артықшылықтарды іске асыру;
- һ) ЕҚ және ДС саласындағы қызметтің нәтижесін жақсарту мақсатында ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің мониторингі және қызмет нәтижесін тұрақты бағалау;
- і) ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін ұйымның бизнес-процестеріне интеграциялау;
- ж) ЕҚ және ДС саласындағы саясатпен келісілген және ұйымдағы қауіптерді, сондай-ақ ЕҚ және ДС саласындағы тәуекелдерді және ЕҚ және ДС саласындағы мүмкіндіктерді ескеретін ЕҚ және ДС саласындағы мақсаттар;
- к) ұйымның қызметіне қолданылатын құқықтық және басқаталаптарғасәйкестік.

Ұйымда ЕҚ және ДС нәтижелі менеджмент жүйесінің жұмыс істеп тұрғанына қызметкерлердің және басқа мүдделі тараптардың сенімділігін арттыру үшін осы стандарттың табысты қолданылатынын көрсетуге болады. Сонымен қатар осы стандартты қабылдау қызметкерлердің жұмыста жарақаттануы және денсаулығының нашарлауы сияқты оқиғалардың алдын алатын, ЕҚ және ДС саласындағы қызмет нәтижелерін жақсартатын және денсаулыққа қауіпсіз әрі қолайлы жұмыс орындарымен қамтамасыз ететін кепілдік бола алмайды.

Құжатталған ақпараттың нақтылану дәрежесі, күрделілігі мен көлемі, сондай-ақ ұйымның ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің жетістігіне сенімді қамтамасыз ету үшін қажетті ресурстар көлемі мынадай бірқатар факторларға байланысты болады:

- ұйым контексі (мысалы, қызметкерлердің саны, мөлшері, географиялық орналасуы, мәдени шарттар, қолданылатын құқықтық және басқа да талаптар);
- ұйымның ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін қолдану саласы;
- ұйым жүзеге асыратын қызмет түрлерінің және ЕҚ және ДС саласында олармен байланысты тәуекелдердің сипаты.

4 «Жоспарлаңыз-Жасаңыз - Тексеріңіз - Әрекет Етіңіз» циклы

Осы стандартта қолданылатын ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің тәсілдері «Жоспарлаңыз - Жасаңыз - Тексеріңіз - Әрекет Етіңіз» (Plan, Do, Check and Act - PDCA) тұжырымдамасына негізделген.

PDCA-модель-тұрақты жақсартуға қол жеткізу үшін ұйым пайдаланатын итерациялық процесс. Ол жалпы менеджмент жүйесіне және оның әрбір жеке элементіне былайша қолданылуы мүмкін:

а) **Жоспарлаңыз:** ЕҚ және ДС саласындағы тәуекелдерді, ЕҚ және ДС саласындағы мүмкіндіктерді, сондай-ақ басқа да тәуекелдер мен басқа да мүмкіндіктерді белгілеңіз және бағалаңыз, ЕҚ және ДС саласындағы ұйымның саясатына сәйкес нәтижелерге қол жеткізу үшін қажет ЕҚ және ДС саласындағы мақсаттар мен процестерді белгілеңіз.


б) **Жасаңыз:** процестерді жоспарланғандай іске асырыңыз.

с) **Тексеріңіз:** ЕҚ және ДС саласындағы саясат пен мақсаттарға қатысты қызмет пен үдерістердің нәтижелеріне мониторинг және өлшеу жүргізіңіз және нәтижелер туралы хабарлаңыз.

д) **Әрекет Етіңіз:** белгіленген нәтижелерге қол жеткізу үшін ЕҚ және

ДСсаласындағы қызмет нәтижелерін тұрақты жақсарту мақсатында іс-қимылдарды жүзеге асырыңыз.

Осы стандартта PDCA тұжырымдамасы 1-суретте көрсетілгендей оның жаңа құрылымына қосылған.



1-сурет. PDCA және осы стандарттың құрылымы арасындағы өзара байланыс

Ескертпе - Жақшада көрсетілген нөмірлер осы стандарттың тиісті бөлімдерінің нөмірлеріне жатады.

Осы стандарт менеджмент жүйесінің стандарттарына қойылатын ISO талаптарына сәйкес келеді. Осы талаптарда «жоғары деңгей құрылымы», бірдей негізгі мәтін және бірнеше ISO стандарттарын менеджмент жүйесіне енгізетін пайдаланушыларға арнап ISO әзірлеген негізгі анықтамасы бар жалпы терминдер қамтылады.

Осы стандарт сапа, әлеуметтік жауапкершілік, қоршаған орта, қауіпсіздік немесе қаржы сияқты басқа басқару объектілері үшін ерекше талаптарды қамтымайды, бірақ оның элементтері менеджменттің басқа жүйелерінің элементтерімен келісілуі немесе біріктірілуі мүмкін.

Осы стандарт ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін енгізу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ осы талаптарға сәйкестігін бағалау үшін ұйым пайдаланатын

ҚР СТ ISO 45001-2019

талаптарды қамтиды. Ұйым осы стандартқа сәйкестігін көрсеткісі келсе, мыналар арқылы жүзеге асыра алады:

- өзін-өзі анықтау және өзін-өзі декларациялауды жүргізу немесе
- Тұтынушылар сияқты ұйымға қызығушылық танытатын тараптардан өз сәйкестігін растауды алу немесе
- ұйымға қатысты сыртқы тараптардан өзін өзі декларациялауды растауды алу немесе
- сыртқы ұйымның өзінің ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін сертификаттау/тіркеу.

Осы стандарттағы 1 - 3 – бөлімдерде қолданусаласын, нормативтік сілтемелерді, сондай-ақ осы стандартты пайдалану кезінде қолданылатын терминдер мен олардың анықтамалары көрсетілген. 4-10-тараулар осы стандартқа сәйкестігін бағалау үшін пайдаланылуы мүмкін талаптарды қамтиды. А қосымшасы осы талаптарға түсіндірме ақпаратты қамтиды. 3-бөлімде терминдер мен олардың анықтамалары тұжырымдамалық тәртіппен жинақталған.

Осы стандартта етістіктердің мынадай формалары пайдаланылады:

- a) «**тиіс**» (shall), талапты білдіреді;
- b) «**керек**» (should), ұсынымды білдіреді;
- c) «**мүмкін болар еді**» (may), рұқсат етуді, құқықты білдіреді;
- d) «**істей алады**» (can), мүмкіндігін не қабілетін білдіреді.

«Ескертпе»

ретінде белгіленген ақпаратты істі талапты түсінуден есетүсіндіру үшін басшылық болыптабыл ады. 3-бөлімде пайдаланылатын

«қосымша ретіндегі ескертпелер» терминді ақпаратқа ілеспе қосымша ақпаратты қамтиды және терминді пайдалануға қатысты ережелерді қамтуымүмкін.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	2
3	Терминдер мен анықтамалар	2
4	Ұйым ортасы	8
4.1	Ұйым түсінігі және оның ортасы	8
4.2	Қызметкерлер мен басқа мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен болжаулары ұғымы	9
4.3	ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін қолдану саласын белгілеу (айқындау)	8
4.4	ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі	9
5	Қызметкерлердің көшбасшылығы және қатысуы	9
5.1	Көшбасшылығы және бейілділік	9
5.2	ЕҚ және ДС саласындағы саясат	10
5.3	Ұйымдағы міндеттер, жауапкершілік және уәкілеттілік	10
5.4	Қызметкерлерге консультация және олардың қатысуы	10
6	Жоспарлау	12
6.1	Тәуекелге және мүмкіндіктерге ден қою бойынша іс-әрекеттер	12
6.2	ЕҚ және ДС саласындағы мақсаттар және олардың жетістіктерін жоспарлау	15
7	Қамтамасыз ету құралдары	15
7.1	Ресурстар	15
7.2	Құзыреттілік	16
7.3	Хабардарлық	16
7.4	Ақпарат алмасу	17
7.5	Құжатталған ақпарат	17
8	Қызметтері	18
8.1	Қызметтерді жоспарлау және басқару	18
8.2	Апат жағдайына дайындық және апатта әрекет ету	21
9	Қызмет нәтижелерін бағалау	21
9.1	Қызмет нәтижелерін мониторингілеу, өлшеу, талдау және бағалау	21
9.2	Ішкі аудит	22
9.3	Басшылық тарапынан талдау	22
10	Жақсарту	23
10.1	Жалпы ережелер	23
10.2	Оқиға, сәйкессіздік және түзетуші әрекеттер	24
10.3	Тұрақты жақсарту	24
	А қосымшасы (ақпараттық) Осы стандартты қолдану жөніндегі нұсқаулық	25
	Библиография	43

ҚР СТ ISO 45001-2019

БИНИИН: 050940004241
№ счёта на оплату: 24670

Дата выдачи: 09.10.2019

Наименование: ТОО "QS Azia Setik"
Выдан документ РГП на ПХВ "Казахстанский институт стандартизации и сертификации"

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау менеджменті жүйесі

ТАЛАПТАР ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚ

Енгізілген күні 2019-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау менеджменті жүйесіне (ЕҚ және ДС) қойылатын талаптарды белгілейді, сондай-ақ жұмысқа байланысты жарақаттар мен денсаулық жағдайының нашарлауын болдырмау жолымен, ЕҚ және ДС саласындағы өзінің қызмет нәтижелерін белсенді жақсарту есебінен денсаулық үшін қауіпсіз және қолайлы жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беру үшін оны қолдану жөніндегі нұсқаулықты қамтиды.

Осы стандарт еңбек қауіпсіздігін және денсаулық сақтауды жақсарту, ЕҚ және ДС саласындағы қауіптерді болдырмау және тәуекелдерді азайту (жүйеден ауытқуды қоса алғанда), ЕҚ және ДС саласындағы мүмкіндіктердің артықшылықтарын іске асыру, сондай-ақ ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінде оның қызметіне байланысты сәйкессіздіктерге ден қою үшін ЕҚ және ДС менеджменті жүйесін құруға, енгізуге және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге ұмтылатын кез келген ұйымға қолданылады.

Осы стандарт ұйымға оның ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі жоспарлаған нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. ЕҚ және ДС саласындағы ұйымның саясатымен келісілген ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің жоспарланған нәтижелері:

- a) ЕҚ және ДС саласындағы қызмет нәтижелерін үнемі жақсарту;
- b) құқықтық және басқа талаптарды орындау;
- c) ЕҚ және ДС саласындағы мақсаттарға жету.

Осы стандарт оның көлеміне, түріне және жүзеге асырылатын қызмет түрлеріне қарамастан кез келген ұйымға қолданылады. Ол ұйым жұмыс істейтін орта сияқты факторларды, сондай-ақ оның қызметкерлерінің және басқа да мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен болжалдарын ескере отырып, ұйымның басқаруындағы ЕҚ және ДС саласындағы тәуекелдерге қолданылады.

Осы стандарт ЕҚ және ДС саласындағы қызмет нәтижелері үшін ешқандай нақты критерийлерді және ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің құрылымына қатысты ешқандай ұйғарымдарды белгілемейді.

Осы стандарт ұйымға оның менеджмент жүйесінің көмегімен салауатты өмір салтын және қызметкерлердің әл-ауқатын қамтамасыз ету сияқты денсаулықты сақтауға және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты басқа да аспектілерді ескеруге және енгізуге мүмкіндік береді.

Осы стандартта қызметкерлер мен басқа да тиісті мүдделі тараптар үшін тәуекелдердің пайда болуына байланысты жағдайларды қоспағанда, өнімнің қауіпсіздігіне, меншікке зиян келтіруге немесе қоршаған ортаға әсер етуге байланысты мәселелер қарастырылмайды.

Осы стандарт ЕҚ және ДС саласындағы менеджментті жүйелі жақсарту үшін толық көлемде немесе ішінара пайдаланылуы мүмкін. Сонымен қатар, осы стандартқа сәйкестік туралы өтініш оның барлық талаптары ұйымның ЕҚ және ДС менеджмент жүйесіне енгізілгенге дейін және қандай да бір ерекшеліксіз орындалғанға дейін таныла алмайды.

ҚР СТ ISO 45001-2019

2 Нормативтік сілтемелер

Нормативтік сілтемелер осы стандартта келтірілмейді.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамаларымен бірге мынадай терминдер қолданылады.

3.1 Ұйым (organization): белгілі бір қатынастарға байланысты, жауапкершілігі, өкілеттіктері бар және мақсаттарына қол жеткізу үшін өз функцияларын орындайтын тұлға немесе адамдар тобы (3.16).

Ескертпелер

1 Ұйым ұғымына жеке кәсіпкерлер, компаниялар, корпорациялар, фирмалар, өнеркәсіптік кәсіпорындар, билік органдары, серіктестіктер, қайырымдылық ұйымдары немесе мекемелер, немесе олардың бір бөлігі, немесе олардың бірлестігі, олар заңды тұлғалар болып табылатынына немесе мемлекеттік немесе жеке меншік болып табылмайтынына қарамастан кіреді, бірақ олармен шектелмейді.

2 Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады.

3.2 Мүдделі тарап [оңтайлы термин]

Стейкхолдер [рұқсат етілген термин] (interested party (preferred term) stakeholder (admitted term)): қызметті жүзеге асыруға немесе шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін, ықпал етуге ұшырауы немесе өзін соңғы ретінде қабылдауы мүмкін тұлға немесе ұйым (3.1).

Ескертпе - Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады.

3.3 Қызметкер (worker): Ұйымның басқаруындағы жұмысты жүзеге асыратын немесе жұмысқа байланысты қызметті жүзеге асыратын тұлға (3.1).

Ескертпелер

1 Тұлғалар жұмысты немесе әртүрлі жағдайларда, ақылы негізде немесе төлемсіз жұмысқа байланысты қызметті, мысалы тұрақты негізде немесе уақытша, барлық жыл бойы немесе белгілі бір маусым бойы, тұрақсыз (жағдайдан жағдайға дейін) немесе толық емес жұмыс күнінде жүзеге асырады.

2 Қызметкерлер өзіне тұлғаларды және қатардағы қызметкерлерді басқаратын жоғары басшылықты (3.12) қосады.

3 Ұйымның басқаруында жүзеге асырылатын жұмысты немесе жұмысқа байланысты қызметті ұйымның өзінің қызметкерлері, сыртқы өнім берушілердің қызметкерлері, мердігерлер, жеке қызметкерлер, агенттіктердің қызметкерлері немесе басқа адамдар ұйым ортасына сәйкес олардың жұмысын немесе жұмысқа байланысты қызметті басқаруды тарататын көлемде орындай алады.

3.4 Қатысу (participation): Шешімдерді қабылдауға тарту.

Ескертпе - Қатысу қауіпсіздікті қамтамасыз ету және денсаулық сақтау комитеттерін және олар бар жерлерде қызметкерлердің өкілдерін тартуды қамтиды.

3.5 Консультация (consultation): Шешім қабылданғанға дейін көзқарасты іздеу (пікірлерді анықтау).

Ескертпе - Қатысу қауіпсіздікті қамтамасыз ету және денсаулық сақтау комитеттерін және олар бар жерлерде қызметкерлердің өкілдерін тартуды қамтиды.

3.6 Жұмыс орны (workplace): Ұйымның басқаруымен болатын орын (3.1), мұнда тұлға болуы қажет немесе осы тұлға жұмысты орындау үшін қай жаққа жіберілетін орын.

Ескертпе – Жұмыс орны үшін ЕҚ және ДС менеджменті жүйесі шеңберінде (3.11) ұйымның жауапкершілігі осы жұмыс орнын басқару дәрежесіне байланысты.

3.7 Мердігер (contractor): Келісілген спецификацияларға, мерзімдерге және шарттарға сәйкес ұйым қызметтерін ұсынатын сыртқы ұйым (3.1).

Ескертпе – Басқа қызметтер құрылыс қызметін қосуы мүмкін.

3.8 Талаптар (requirement): Әдетте болжанатын немесе міндетті болып табылатын қажеттілік немесе болжал.

Ескертпелер

1 «Әдетте болжанады» ұйым (3.1) және мүдделі тараптар (3.2) үшін бұл қарапайым немесе жалпы қабылданған тәжірибе болып табылатындығын білдіреді, бұл қарастырылатын қажеттілік немесе болжал тұспалданады (болжанады).

2 Белгіленген талап мәлімделген талап болып табылады, мысалы құжатталған ақпаратта (3.24).

3 Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады.

3.9 Құқықтық және басқа талаптар (legal requirements and other requirements): Ұйым (3.1) сәйкес келуге тиіс құқықтық талаптар және ұйым сәйкес келуге тиіс немесе сәйкес келгісі келген басқа талаптар (3.8).

Ескертпелер

1 Осы стандартқа қатысты құқықтық және басқа талаптар – бұл ЕҚ және ДС менеджмент жүйесіне қатысы барлар (3.11).

2 «Құқықтық және басқа талаптар» ұжымдық келісімдердің ережелерін қосады.

3 Құқықтық және басқа талаптар заңдарға, нормативтік құқықтық талаптарға, ұжымдық келісімдерге және қалыптасқан тәжірибеге сәйкес қызметкерлердің өкілдері болып табылатын тұлғаларды анықтайтын (белгілейтін) адамдарды қамтиды (3.3).

3.10 Менеджмент жүйесі (management system): Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін саясаттарды (3.14), мақсаттарды (3.16) және процестерді (3.25) әзірлеу үшін ұйымның өзара байланысты немесе өзара іс-қимыл жасайтын элементтерінің жиынтығы.

Ескертпелер

1 Менеджмент жүйесі қызметтің бір аспектісін немесе бірнешеуін қамтуы мүмкін.

2 Менеджмент жүйесінің элементтері ұйымның құрылымын, міндеттері мен жауапкершілігін, жоспарлау жөніндегі қызметті, өндірістік қызметті, қызмет нәтижелерін бағалауды және жақсарту жөніндегі қызметті қамтиды..

3 Менеджмент жүйесін қолдану саласы барлық ұйымды, ұйым ішіндегі нақты бөлінген функцияларды, ұйымның нақты бөлінген бөліктерін немесе ұйымдар тобындағы бір немесе бірнеше толассыз функцияларды қамтуы мүмкін..

4 Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады. 2-ескертпе менеджмент жүйесінің кейбір кеңінен таралған элементтерін түсіндіру (көрсету) үшін өзгертілген.

3.11 Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау менеджменті жүйесі, ЕҚ және ДС менеджменті жүйесі (occupational health and safety management system OH&S management

ҚР СТ ISO 45001-2019

system): ЕК және ДС саласында саясатты іске асыру үшін пайдаланылатын менеджмент жүйесі (3.10) немесе менеджмент жүйесінің бөлігі (3.15).

Ескертпелер

1 ЕК және ДС менеджмент жүйесінің жоспарланған нәтижелері қызметкерлердің (3.3) жарақат алуын және денсаулық жағдайының нашарлауын (3.18) болдырмау және денсаулық үшін қауіпсіз және қолайлы жұмыс орындарын (3.6) қамтамасыз ету болып табылады.

2 «Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау (ЕК және ДС - ОН&S) және «еңбек қауіпсіздігі және денсаулық» (ЕК және ДС - OSH) терминдердің бір мағынасы бар.

3.12 Жоғары басшылық (top management): Жоғары деңгейде басшылықты және ұйымды (3.1) басқаруды жүзеге асыратын тұлға немесе адамдар тобы.

Ескертпелер

1 Жоғары басшылыққа өкілеттік беру және ЕК және ДС менеджмент жүйесіне соңғы жауапкершілікті сақтау кезінде ұйым ішінде ресурстарды ұсыну билігі бөлінген (3.11).

2 Егер менеджмент жүйесінің қолданылу саласы (3.10) тек ұйымның бір бөлігін қамтыса, жоғары басшылық ұйымның осы бөлігін басқаратын және басшылықты жүзеге асыратындар болып табылады.

3 Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады. 2-ескертпе менеджмент жүйесіне қатысты жоғары басшылық жауапкершілігін түсіндіру үшін өзгертілген.

3.13 Нәтижелілік (effectiveness): Жоспарланған қызметті іске асыру және жоспарланған нәтижелерге жету дәрежесі.

Ескертпе - Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады.

3.14 Саясат (policy): Ұйымның жоғары басшылығымен (3.12) ресми қалыптастырылған ұйым (3.1) ниеті мен бағыты.

Ескертпе - Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады.

3.15 Еңбек қауіпсіздігі мен денсаулық сақтау саласындағы саясат, ЕК және ДС саласында саясат (occupational health and safety policy ОН&S policy): Қызметкерлердің (3.3) жарақат алуын және денсаулық жағдайының нашарлауын (3.18) болдырмау және денсаулық үшін қауіпсіз және қолайлы жұмыс орындарын (3.6) қамтамасыз ету саясаты.

3.16 Мақсат (objective): Қол жеткізуге тиіс нәтиже.

Ескертпелер

1 Мақсат стратегиялық, тактикалық немесе оперативтік болуы мүмкін.

2 Мақсаттар әр түрлі аспектілерге (мысалы, қаржылық мақсаттар, еңбекті қорғау және денсаулық қауіпсіздігі саласындағы мақсаттар, экологиялық мақсаттар) қатысты болуы мүмкін және әр түрлі деңгейлерге [(мысалы, стратегиялық мақсаттар, жалпы ұйымның мақсаттары, жоба, өнім және процесс алдына қойылған мақсаттар (3.25) қойылуы мүмкін.)].

3 Мақсаттар әртүрлі тәсілмен көрсетілуі мүмкін, мысалы, белгіленген "шығу" (нәтиже), ниет ретінде, өндірістік критерий ретінде, ЕК және ДС (3.17) саласындағы мақсат ретінде немесе ұқсас мағынасы бар сөздерді қолдана отырып (мысалы, ниет, ниет немесе ұмтылу).

4 Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады. Түпнұсқалық 4-ескертпе алынып тасталды, себебі «ЕК және ДС саласындағы мақсаттар» термині 3.17-де жеке анықталған.

3.17 Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау саласындағы мақсат, ЕҚ және ДС саласындағы мақсат (occupational health and safety objective OH&S objective): ЕҚ және ДС саласындағы саясатқа (3.15) сәйкес нақты нәтижелерге жету үшін ұйымның (3.1) белгілеген мақсаты (3.16).

3.18 Жарақат және денсаулық жағдайының нашарлауы (injury and ill health): қызметкердің дене-бітіміне, психикалық және ақыл-ой қабілетіне теріс әсері.

Ескертпелер

- 1 Осы теріс әсерлер қызметіне байланысты зақымдануды, ауруды және өлімді қосады.
- 2 «Жарақат және денсаулық жағдайының нашарлауы» термині жарақат алуды және жеке де, жиынтықта да денсаулық жағдайының нашарлауын тұспалдайды.

3.19 Қауіптілік (hazard): Жарақат және денсаулық жағдайының нашарлауына себеп болуы мүмкін көз (3.18).

Ескертпе - Қауіптерге зиян немесе қауіпті жағдайдың туындауына ықтимал себеп болуы мүмкін көздер немесе жарақат немесе денсаулық жағдайының нашарлауына әкеп соқтыруы мүмкін жағдайлар кіруі мүмкін.

3.20 Тәуекел (risk): Белгісіздік әсері.

Ескертпелер

- 1 Әсер күтілетін оң немесе теріс нәтижеден ауытқудан пайда болады.
- 2 Белгісіздік-бұл оқиғаға, оның салдарларына немесе туындау ықтималдығына, оларды түсінуге немесе олар туралы білімдердің болуына қатысты кемшілік, тіпті ішінара ақпарат жағдайы.
- 3 Тәуекел ықтимал «оқиғаларға» (ISO Guide 73:2009, 3.5.1.3 анықтамаларына сәйкес) және олардың «салдарларына» (ISO Guide 73:2009 анықтамаларына сәйкес, 3.6.1.3 т.) немесе олардың комбинацияларына қатысты жиі анықталады.
- 4 Тәуекел оқиға салдары комбинациясы (жағдайдағы өзгерістерді қосқанда) және оларға байланысты олардың туындау «ықтималдылық» терминдерінде (ISO Guide 73:2009, 3.6.1.1 т. анықтамасына сәйкес) жиі айтылады.
- 5 Осы стандартта «тәуекелдер мен мүмкіндіктер» термині пайдаланылатын жағдайларда ол ЕҚ және ДС (3.21) саласындағы тәуекелдерді, ЕҚ және ДС (3.22) саласындағы мүмкіндіктерді, сондай-ақ менеджмент жүйесі үшін басқа да тәуекелдерді және менеджмент жүйесі үшін басқа да мүмкіндіктерді білдіреді.
- 6 Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады. 5-қосымша осы стандартта оны пайдалану үшін «тәуекел және ықтималдылық» терминін түсіндіру үшін қосылған.

3.21 Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау саласындағы тәуекел (occupational health and safety risk OH&S risk): Осы оқиғадан(лардан) немесе әсерден(лерден) туындауы мүмкін қауіпті оқиғаның (лердің) немесе жарақаттың ауырлығының және денсаулық жағдайының нашарлауының (3.18) туындау ықтималдығының комбинациясы.

3.22 Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау саласындағы мүмкіндік, ЕҚ және ДС саласындағы мүмкіндік (occupational health and safety opportunity OH&S opportunity): ЕҚ және ДС саласындағы қызмет нәтижелерін жақсартуға әкелуі мүмкін жағдай немесе жағдайлар жиынтығы (3.28).

3.23 Құзыреттілік (competence): белгіленген нәтижелерге қол жеткізу үшін білім мен дағдыны (шеберлікті) қолдану қабілеті.

Ескертпе - Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады.

ҚР СТ ISO 45001-2019

3.24 Құжатталған ақпарат (document information): ұйымның жұмыс жағдайында басқарылуға және қуатталуға тиіс ақпарат (3.1) және оны құрайтын тасымалдағыш.

Ескертпелер

1 Құжатталған ақпарат әр түрлі форматқа ие болуы мүмкін, әртүрлі тасымалдағыштарда орналасуы және әр түрлі көздерден алынуы мүмкін.

2 Құжатталған ақпарат мыналарға жатуы мүмкін:

а) оған жататын процестерді (3.25) қосқанда, менеджмент жүйесіне (3.10);

б) ұйымның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жасалған ақпаратқа, басқа сөзбен айтқанда - құжаттамаға;

в) қол жеткізген нәтижелер куәліктеріне, басқа сөзбен айтқанда - жазбаларға.

3 Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады.

3.25 Процесс (process): «Кіруді» «шығуға» түрлендіретін өзара байланысты немесе өзара іс-қимыл жасайтын қызмет түрлерінің жиынтығы.

Ескертпе - Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады.

3.26 Процедура (procedure): Қызметті немесе процесті жүзеге асырудың белгіленген жүйелілігі (3.25).

Ескертпе – Процедуралар құжатталған немесе құжатталмаған болуы мүмкін. [ISO 9000: 2015, 3.4.5, өзгертілген – Ескертпе өзгертілген].

3.27 Қызмет нәтижесі (performance): өлшенген қорытынды.

Ескертпелер

1 Қызметтің нәтижесі сандық және сапалық сипаттағы нәтижелерге жатуы мүмкін. Нәтижелер сапалық немесе сандық әдістердің көмегімен белгіленуі (анықталуы) және бағалануы мүмкін.

2 Қызмет нәтижесі қызмет менеджментіне, процестерге (3.25), өнімге (қызмет көрсетуді қоса алғанда), жүйелердің немесе ұйымдардың (3.1) жатуы мүмкін.

3 Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады. 1-ескертпе нәтижелерді анықтау және бағалау үшін қолданылуы мүмкін әдіс түрлерін түсіндіру үшін өзгертілген.

3.28 ЕҚ және ДС саласындағы қызмет нәтижесі (occupational health and safety performance OH&S performance): Қызметкерлердің жарақаттары мен денсаулық жағдайының нашарлауын болдырмау (3.18) нәтижелілігіне қатысты қызмет нәтижелері (3.3) және денсаулыққа қауіпсіз және қолайлы жұмыс орындарын қамтамасыз ету (3.6)).

3.29 Аутсорсингке беру (outsource, verb): Сыртқы ұйым (3.1) сол ұйымның функция немесе процесс (3.25) бөлігін жүзеге асыратын істің ұйымы.

Ескертпелер

1 Сыртқы ұйым, өзіне аутсорсингке берілген функция немесе процесс қолданылу саласы ішінде болса да, менеджмент жүйесінің (3.10) қолданылу саласынан тыс болады.

2 Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады.

3.30 Мониторинг (monitoring): Жүйенің, процестің (3.25) немесе қызмет түрінің мәртебесін (жағдайын) белгілеу (анықтау).

Ескертпелер

1 Мәртебені белгілеу (анықтау) үшін бақылау, қадағалау немесе критикалық талдау жүргізу қажет.
2 Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады.

3.31 Өлшеу (measurement): Шама мәнін белгілеу (анықтау) процесі (3.25).

Ескертпе - Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады.

3.32 Аудит (audit): Жүйелі түрде жүзеге асырылатын тәуелсіз және құжатталатын процесс (3.25) аудит критерийлеріне сәйкестік дәрежесін белгілеу (айқындау) мақсатында аудит куәліктерін алу және оларды объективті бағалау.

Ескертпелер

1 Аудит ішкі (бірінші тарап жүргізетін) немесе сыртқы (екінші немесе үшінші тарап жүргізетін), сондай-ақ аралас аудит (екі немесе одан да көп стандарттарға сәйкестігіне жүргізілетін) болуы мүмкін.
2 Ішкі аудитті ұйымның өзі (3.1) немесе оның тапсырмасы бойынша сыртқы тарап жүргізеді.
3 «Аудит куәлігі» және «аудит критерийлері» ISO 19011 анықталған.
4 Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады.

3.33 Сәйкестік (conformity): Талаптарды орындау (3.8).

Ескертпе - Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады.

3.34 Сәйкессіздік (nonconformity): Талаптарды орындамау (3.8).

Ескертпелер

1 Сәйкессіздік осы стандарттың талаптарына, сондай-ақ ұйым (3.1) өзі үшін белгілеген ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің қосымша талаптарына (3.11) жатады.
2 Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады. 1-ескертпе осы стандарттың талаптарына сәйкессіздіктері мен ЕҚ және ДС менеджмент жүйесіне ұйымның жеке талаптарына сәйкессіздіктерінің өзара байланысын түсіндіру мақсатында қосылған.

3.35 Инцидент (incident): Жарақаттануға және денсаулық жағдайының нашарлауына (3.18) әкеп соқтыруы немесе әкеп соқтыруы мүмкін немесе жұмыс процесінде пайда болатын жұмысқа байланысты оқиға.

Ескертпелер

1 Жарақат алған және денсаулық жағдайы нашарлаған оқиғаға кейде "жазатайым оқиға" деп сілтеме жасайды.
2 Жарақаттануға және денсаулық жағдайының нашарлауына әкеп соқпаған, бірақ бұған әкелуі ықтимал оқиға "болған оқиға", "болған оқиға", "қауіпті жағдай" деп көрсетілуі мүмкін.
3 Инцидентпен бір немесе бірнеше сәйкессіздіктер (3.34) байланысты болуы мүмкін екеніне қарамастан, сәйкессіздік болмаған кезде де инцидент орын алуы мүмкін.

ҚР СТ ISO 45001-2019

3.36 Түзетуші іс-әрекеттер (corrective action): сәйкессіздік(3.34) немесе инцидент (3.35) себептерін (себептерін) жою және оның қайта туындауының алдын алу мақсатындағы іс-әрекет.

Ескертпе - Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады. Анықтама оған "инцидентке" сілтемесін қосу үшін өзгертілді, себебі инциденттер еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғаудағы негізгі факторлар болып табылады, ал оларды жою үшін қажетті әрекеттер түзету әрекеттері арқылы сәйкессіздіктерді жою үшін бірдей болып табылады.

3.37 Тұрақты жақсарту (continual improvement): қызмет нәтижелерін жақсарту бойынша қайталанатын қызмет (3.27)..

Ескертпелер

1 Қызмет нәтижелерінің жақсаруы ЕҚ және ДС саласындағы саясатқа (3.15) және ЕҚ және ДС саласындағы мақсаттарға (3.17) сәйкес ЕҚ және ДС саласындағы қызметтің жалпы нәтижелерін жақсарту үшін ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін (3.11) пайдалануына байланысты.

2 «Тұрақты» «үздіксіз» дегенді білдірмейді, сондай-ақ (ұқсас) жақсарту жөніндегі іс-әрекеттер бір уақытта қызметтің барлық салаларында міндетті түрде орын алмауға тиіс.

3 Осы термин ISO/IEC, 1-бөлім директивасына ISO консолидацияланған толықтырудың SL қосымшасында мазмұндалған менеджмент жүйесіндегі ISO стандарттары үшін жалпы терминдер мен негізгі анықтамалардың бірі болып табылады. 1-ескертпе ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі контекстінде «қызмет нәтижелері» деген ұғымды түсіндіру үшін қосылған. 2-ескертпе «тұрақты» ұғымын түсіндіру үшін қосылған.

4 Ұйым ортасы (ұйым жұмыс істейтін жағдай)

4.1 Ұйым түсінігі және оның ортасы (ұйым жұмыс істейтін жағдай)

Ұйым оның қызметіне қатысы бар және оның өз менеджмент жүйесінің күтілетін нәтижелеріне жету қабілетіне әсер ететін сыртқы және ішкі факторларды (мән-жайларды) белгілеуге (анықтауға) тиіс.

4.2 Қызметкерлер мен басқа мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен болжалдары түсінігі

Ұйым белгілеуге (анықтауға) тиіс:

- a) қызметкерлерге қосымша ЕҚ және ДС менеджмент жүйесіне қатысы бар басқа мүдделі тараптар;
- b) қызметкерлердің және басқа мүдделі тараптардың тиісті қажеттіліктері мен болжалдары (яғни талаптар);
- c) осы қажеттіліктер мен болжалдардың қайсысы ол үшін құқықты және басқа талаптар болып табылады немесе болуы мүмкін.

4.3 ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің қолданылу саласын белгілеу (анықтау)

Ұйым оны қолдану саласын белгілеу үшін ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің шекарасын және қолданылуын белгілеуге (анықтауға) тиіс.

Осы қолдану саласын белгілеу (анықтау) кезінде ұйым:

- a) 4.1-де көрсетілген сыртқы және ішкі факторларды (мән-жайды) қарастыруға тиіс;
- b) 4.2-де көрсетілген талаптарды назарға алуға (ескеруге) тиіс;
- c) жұмысқа байланысты жоспарланатын немесе жүзеге асырылатын қызметті назарға алуға (ескеруге) тиіс.

ЕҚ және ДС менеджменті жүйесіне ұйымның басқаруындағы немесе ұйым ЕҚ және ДС саласындағы ұйым қызметінің нәтижелеріне әсер етуі мүмкін қызмет, өнім және көрсетілетін қызметтер қосылуға тиіс.

Қолданылу саласы құжатталған ақпарат түрінде қолжетімді болуға тиіс.

4.4 ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі

Ұйым осы стандарт талаптарына сәйкес қажетті процестер мен олардың өзара іс-қимылын қоса алғанда, ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін әзірлеуге, енгізуге, жұмыс күйінде ұстауға және тұрақты жақсартуға тиіс.

5 Қызметкерлердің көшбасшылығы және қатысуы

5.1 Көшбасшылығы және бейілділік

Жоғары басшылық өзінің көшбасшылығын және ЕҚ және ДС менеджмент жүйесіне қатысты бейілділігін көрсетуге тиіс:

а) жұмысқа байланысты жарاقاتтар мен денсаулық жағдайының нашарлауының алдын алу үшін, сондай-ақ денсаулыққа қауіпсіз және қолайлы жұмыс орындары мен қызмет түрлерін ұсыну үшін жалпы жауапкершілікті және есеп берушілікті өзіне қабылдау;

б) ЕҚ және ДС саласындағы саясат оған байланысты ЕҚ және ДС саласындағы мақсаттар белгіленуін және саясат пен мақсаттар ұйымды дамытудың стратегиялық бағытымен келісілуін қамтамасыз ету;

с) ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің талаптары ұйымның бизнес-процестерінде интеграциялануы үшін қамтамасыз ету;

д) ЕҚ және ДС менеджменті жүйесін құру, қолдану, жұмыс жағдайында ұстау және жақсарту үшін қажетті ресурстардың болуын қамтамасыз ету;

е) ЕҚ және ДС саласындағы нәтижелі менеджменттің маңыздылығын түсінуді ұйымдастыруды тарату және ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің талаптарына сәйкестігі;

ф) ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі өзінің белгіленген нәтижесін(лерін) алуы үшін қамтамасыз ету;

г) қызметкерлерді ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің нәтижелілігін қамтамасыз етуге үлес қосуы үшін оларға бағыттау және көмек көрсету;

h) тұрақты жақсартуды және қолдауды қамтамасыз ету;

i) басқа тиісті лауазымды адамдарды олардың жауапкершілік бөлігіне сәйкес келетін көлемде және түрде өз көшбасшылығын демонстрациялауда қолдау көрсету;

j) ЕҚ және ДС менеджмент жүйесімен белгіленген нәтижелерге жетуді қамтамасыз ету;

к) олар қақтығыстар, қауіптер, тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы хабардар еткен жағдайларда қызметкерлерді қудалаудан қорғау;

l) қызметкерлерге консультациялар өткізуді және олардың қатысуын қамтамасыз ететін процесті(терді) құруды және ұйымда қолдануды қамтамасыз ету (5.4 қараңыз);

m) еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі комитеттерді құруды және олардың жұмыс істеуін қолдау [. 5.4 е) 1 қараңыз].

Ескертпе - Осы стандарттағы «бизнеске» сілтемелер ұйымның өмір сүру ниеті тұрғысынан негізгі болып табылатын қызмет түрлерін белгілеу үшін ең кең түрде түсіндірілуі мүмкін.

5.2 ЕҚ және ДС саласындағы саясат

Жоғары басшылық:

а) жұмысқа байланысты жарақаттар мен денсаулық жағдайының нашарлауын болдырмау үшін денсаулыққа қауіпсіз және қолайлы жұмыс жағдайын қамтамасыз ету міндеттерін қамтитын, сондай-ақ ЕҚ және ДС саласындағы ниеттеріне, мөлшері мен ортасына және оның тәуекелдері мен мүмкіндіктерінің ерекше сипатына сәйкес келетін;

б) ЕҚ және ДС саласында мақсаттарды анықтау үшін негіз құратын;

с) құқықтық және басқа талаптарды орындауға міндетті қосатын;

д) ЕҚ және ДС саласында қауіптілікті жоятын және қатерді азайтатын міндетті қосатын (8.1.2 қараңыз);

е) ЕҚ және ДС менеджменті жүйесін тұрақты жақсарту міндетін қосатын;

ф) қызметкерлерге консультация өткізу, сондай-ақ олар бар жерде қызметкерлердің және олардың өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету міндетін қосатын ЕҚ және ДС саласындағы саясатты әзірлеуге тиіс.

ЕҚ және ДС саласындағы саясат:

- құжатталған ақпарат түрінде қолжетімді болуға тиіс;

- ұйым қызметкерлеріне жеткізілуіне тиіс;

- қалай қолайлы болса, мүдделі тараптарға қолжетімді болуға тиіс;

- маңызды және қолайлы болуға тиіс.

5.3 Ұйымдағы міндеттер, жауапкершілік және уәкілеттілік

Жоғары басшылық міндеттер мен жауапкершіліктің белгіленуін, сондай-ақ ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің ішінде тиісті функцияларды/міндеттерді жүзеге асыру үшін өкілеттіктер берілуін, олар ұйым ішіндегі барлық деңгейлерде, сондай-ақ олар әзірленуі, өзекті жағдайда ұсталуын және құжатталған ақпарат түрінде қолданылуын қамтамасыз етуге тиіс. Ұйымның әрбір деңгейіндегі қызметкерлер өздері басқаратын ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің аспектілері үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға тиіс.

Ескертпе - Міндеттер, жауапкершілік пен өкілеттіктер берілуі мүмкін екеніне қарамастан, ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің жұмыс істеуі үшін жауапкершілік, сайып келгенде, жоғары басшылықта қалады.

Жоғары басшылық міндеттер мен жауапкершілікті белгілеуге, сондай-ақ мыналар үшін қажетті уәкілеттілікті ұсынуға тиіс:

а) осы стандарт талаптарына ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің сәйкестігін қамтамасыз ету үшін;

б) ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің жұмыс істеу нәтижелері туралы жоғары басшылыққа есептер дайындау үшін.

5.4 Қызметкерлерге консультация және олардың қатысуы

Ұйым қызметкерлерге консультациялар жүргізуді, сондай-ақ қызметкерлердің барлық тиісті деңгейлерде және барлық функционалдық құрылымдарда және олар бар жерде олардың өкілдерінің ЕҚ және ДС менеджменті жүйесін әзірлеу, жоспарлау, жұмыс істеуін қамтамасыз ету, жұмыс істеу нәтижелерін бағалау және жақсарту жөніндегі іс-қимылдарға қатысуын қамтамасыз ететін процесті(терді) құруға, қолдануға (пайдалануға) және жұмыс жағдайында ұстауға тиіс.

Ұйым:

а) консультация және қатысу үшін қажетті механизмдерді, уақытты, оқытуды және ресурстарды ұсынуға;

Ескертпе – Қызметкерлердің өкілдері болуы консультация мен қатысуды іске асыру механизмі болуы мүмкін.

b) ЕҚ және ДС менеджменті жүйесіне қатысты іске жататын, айқын және түсінікті ақпаратқа уақытылы рұқсат беруге;

c) қатысу жолындағы кедергілерді немесе тосқауылдарды табу және жою және олар жойылмаған жағдайда мейлінше азайту;

Ескертпе - Кедергілер мен тосқауылдар қызметкерлерден алынған ақпаратқа және олардың ұсыныстарына, тілдік немесе білім беру кедергілеріне, жазаларға немесе жазалау қатеріне, сондай-ақ қызметкерлерді мақұлдамайтын және қатысуға кедергі келтіретін немесе тіпті қатысқаны үшін жазалайтын саясаттарға немесе іс жүзіндегі іс-әрекеттерге ден қоюдан бас тартуды қамтуы мүмкін.

d) қатардағы қызметкерлерге мына мәселелер бойынша консультация жүргізуге ерекше көңіл аудару:

1) мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен болжалдарын белгілеу (анықтау) (4.2 қараңыз);

2) ЕҚ және ДС саласындағы саясатты әзірлеу (5.2 қараңыз);

3) қолданылатын жерде міндеттерді, жауапкершілікті және уәкілеттілікті бөлу (5.3 қараңыз);

4) құқықтық және басқа талаптарды қалай орындайтындығын белгілеу (анықтау) (6.1.3 қараңыз);

5) ЕҚ және ДС саласында мақсаттарды белгілеу және оларға жетуді жоспарлау (6.2 қараңыз);

6) аутсорсингке, сатып алуға және мердігерлерге қолданылатын бақылауды белгілеу (анықтау) (8.1.4 қараңыз);

7) мониторинг, өлшеу және бағалау қажеттілігін белгілеу (анықтау) (9.1 қараңыз);

8) аудит программаларын өзекті күйде жоспарлау, құру, іске асыру және қолдау (9.2.2 қараңыз);

9) тұрақты жақсартуды қамтамасыз ету (10.3 қараңыз);

e) қатардағы қызметкерлердің қатысуына мынадай жағдайда ерекше көңіл бөлу керек:

1) оларға консультация жүргізу және олардың қатысу механизмдерін белгілеу (анықтау);

2) қауіптіліктерді табу және тәуекел мен мүмкіндіктерді бағалау (6.1.1 және 6.1.2 қараңыз);

3) ЕҚ және ДС саласында қауіптілікті жою және тәуекелдерді жою жөніндегі іс-әрекеттерді белгілеу (анықтау) (6.1.4 қараңыз);

4) құзыреттілікке, оқытуға қажеттілікке, оқытуға және оқытуды бағалау қойылатын талаптарды белгілеу (анықтау) (7.2 қараңыз);

5) таралуы қажет ақпаратты және оның қалай жүзеге асырылатындығын белгілеу (анықтау) (7.4 қараңыз);

6) басқару және оларды нәтижелі енгізу мен қолдану шараларын белгілеу (айқындау) (8.1, 8.1.3 және 8.2 қараңыз);

7) инциденттер мен сәйкессіздіктерді тексеру және түзету әрекеттерін айқындау (10.2 қараңыз).

Ескертпелер

1 Қатардағы қызметкерлермен консультацияның маңыздылығын және олардың қатысуын көрсететін ережелер еңбек қызметін (дене еңбегі) жүзеге асыратын адамдарға бағытталған, бірақ бұл осы тізбеден,

ҚР СТ ISO 45001-2019

мысалы, осы еңбек қызметі немесе ұйымда басқа да факторлар әсер ететін басшыларды алып тастауды көздемейді.

2 Қызметкерлерді тегін дайындауды жүргізу және бұл мүмкін болатын жерде, дайындауды жұмыс уақытында жүргізу қызметкерлердің қатысу жолында маңызды кедергілерді жоя алатындығы мойындалған.

6 Жоспарлау

6.1 Тәуекелге және мүмкіндіктерге ден қою бойынша іс-әрекеттер

6.1.1 Жалпы ережелер

ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі шеңберінде жоспарлау кезінде ұйым 4.1 (орта) көрсетілген факторларды, 4.2 (мүдделі тараптар) және 4.3 (өзінің ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін қолдану саласы) көрсетілген талаптарды қарастыруы және әрекет ету қажет тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтауға тиіс:

а) ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі өзінің белгілеген нәтижесін(лерін) алатындығын қамтамасыз ету үшін;

б) тиімсіз әсерлерді болдырмау немесе азайту (төмендету) үшін;

с) тұрақты жақсартуға қолжеткізу үшін.

ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі және назарға алу қажет олардың белгілеген нәтижелері үшін тәуекелдерді және мүмкіндіктерді белгілеу (анықтау) үшін ұйым мыналарды ескеруге тиіс:

- қауіптілік (6.1.2.1 қараңыз);

- ЕҚ және ДС саласындағы тәуекелдер және басқа тәуекелдер (6.1.2.2 қараңыз);

- ЕҚ және ДС саласындағы мүмкіндіктер және басқа мүмкіндіктер (6.1.2.3 қараңыз);

- құқықтық және басқа талаптар (6.1.3 қараңыз).

Ұйым өзінің жоспарлау процес(тер)інде ұйымдағы, оның процестеріндегі немесе ЕҚ және ДС менеджменті жүйесіндегі өзгерістерге байланысты ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің белгіленген нәтижелеріне жататын тәуекелдер мен мүмкіндіктерді белгілеуге (анықтауға) және бағалауға тиіс. Тұрақты немесе уақытша өзгерістерді жоспарлау жағдайында, бұл бағалау өзгерістер іске асырылғанға дейін жүргізілуге тиіс (8.1.3 қараңыз).

Ұйым құжатталған ақпаратты әзірлеуге, өзекті жағдайда қолдауға және қолдануға тиіс:

- тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы;

- процестер жоспарланғандай жүзеге асырылатындығына сенімділік алу үшін қажетті көлемде өздерінің тәуекелдері мен мүмкіндіктерін белгілеу (анықтау) және оларды ден қою үшін қажетті процестер туралы (6.1.2-6.1.4 қараңыз).

6.1.2 Қауіптіліктерді табу және тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау

6.1.2.1 Қауіптіліктерді табу

Ұйым қауіптерді тұрақты және белсенді сәйкестендіру процес(тер)ін құруы, қолдануға және жұмыс жағдайында ұстауға тиіс. Осы процесс(тер) мыналарды ескеруге тиіс, бірақ мұнымен шектелмеуге тиіс:

а) жұмыс қалай ұйымдастырылған, әлеуметтік факторлар (жұмыс көлемін (жұмыстың көптілігі), жұмыс сағатын, ізге түсу, қысылу және қорқыту), көшбасшылық және фирма ішіндегі мәдениет;

б) тұрақты және сирек жүзеге асырылатын қызмет пен пайда болатын жағдайлар:

1) жұмыс орнындағы инфрақұрылыммен, жабдықтармен, материалдармен, заттармен және физикалық жағдайлармен;

2) жобалаумен, зерттеулермен, әзірлеумен, сынаумен, өндірумен, құрастырумен, құрылыспен, қызметтер көрсетумен, техникалық қызмет көрсетумен және кәдеге жаратумен;

3) адами факторлармен;

4) жұмыс қалай жүзеге асырылатын адамдар;

с) аварияларды және оның себептерін қосқанда өткен тиісті орын алған инциденттер (ұйымға қатысы бойынша ішкі немесе сыртқы);

d) әлеуетті мүмкін болатын авариялық жағдайлар;

е) қарауды қосқанда, адамдар:

1) өз қызметкерлерін, мердігерлерді, келушілерді және басқа да адамдарды қоса алғанда, жұмыс орнына рұқсаты бар және олар жүзеге асыратын қызмет;

2) жұмыс орнына жақын және ұйым қызметінің әсеріне ұшырайтын адамдар;

3) жұмысты орындау орнында тұрған, ұйымның басқаруында жоқ қызметкерлер;

f) қарауды қосқанда, басқа мән-жайлар:

1) 1) жұмысқа тартылған қызметкерлердің қажеттіліктері мен қабілеттеріне бейімделуді қоса алғанда, жұмыстарды, процестерді, қондырғыларды, машиналарды/жабдықтарды, өндірістік процедураларды орындау аймағының және жұмыстарды ұйымдастыру схемалары;

2) ұйымның басқаруында жүзеге асырылатын жұмысқа байланысты құрылған жұмыс орнына жақын жерде орын алған жағдайлар;

3) ұйымның басқаруында жоқ және жұмысты орындау орнына жақын жерде пайда болатын, олардың жұмыс орнында адамдардың жарақат алуына және денсаулығына зиян келтіруге себеп болуы мүмкін жағдайлар;

g) ЕҚ және ДС менеджмент жүйесіне, оның қызметіне және процесіне, ұйымға нақты немесе ұсынылған өзгерістер (8.1.3 қараңыз);

h) қауіптілік туралы білімге және ақпаратқа өзгерістер.

6.1.2.2 ЕҚ және ДС саласындағы тәуекелді және ЕҚ және ДС менеджмент жүйесіне арналған басқа тәуекелдерді бағалау

Ұйым процесті(терді) жұмыс күйінде жасауға, қолдануға (пайдалануға) және қолдауға тиіс:

a) қолданыстағы басқару құралдары мен әдістерінің нәтижелілігін ескере отырып, анықталған қауіптіліктерге байланысты ЕҚ және ДС саласындағы тәуекелдерге бағалау жүргізу;

b) ЕҚ және ДС менеджментінің жұмыс жүйесін құруға, енгізуге, жұмыс істеуіне және қолдауға байланысты басқа да тәуекелдерді белгілеу (айқындау) және бағалау.

Ұйым қолданатын ЕҚ және ДС саласындағы тәуекелдерді бағалау әдістемесі(лері) мен критерийлері олардың реактивті емес, белсенді болуын және жүйелі түрде қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында олардың қолданылу саласы, сипаты мен қолданылу уақыты тұрғысынан айқындалуға тиіс. Өзірленуге, өзекті жағдайда ұсталуға, сондай-ақ әдістеме(лер) және критерийлер туралы құжатталған ақпарат бекітілуге және сақталуға тиіс.

ҚР СТ ISO 45001-2019

6.1.2.3 ЕҚ және ДС саласындағы мүмкіндіктерді және ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі үшін басқа мүмкіндіктерді бағалау

Ұйым бағалау процес(тер)ін жұмыс күйінде жасауға, қолдануға (пайдалануға) және қолдауға тиіс:

а) ұйымда, оның саясаттарында, процестерінде немесе қызмет түрлерінде, ұйымдарда жоспарланған өзгерістерді назарға ала отырып, ЕҚ және ДС саласындағы қызмет нәтижелерін жақсарту үшін ЕҚ және ДС саласындағы мүмкіндіктер, сондай-ақ:

1) жұмысқа бейімдеу, жұмысты және қызметкерлерге қатысты өндірістік жағдайды ұйымдастыру мүмкіндіктері;

2) ЕҚ және ДС саласындағы қауіптіліктерді жою және қатерлерді азайту мүмкіндіктері;

б) ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін жақсарту үшін басқа мүмкіндіктер.

Ескертпе – ЕҚ және ДС саласындағы тәуекелдер және ЕҚ және ДС саласындағы мүмкіндіктер ұйым үшін басқа тәуекелдердің және басқа да мүмкіндіктердің пайда болуына әкелуі мүмкін.

6.1.3 Қолданылатын құқықтық және басқа талаптарды белгілеу

Ұйым бағалау процес(тер)ін жұмыс күйінде жасауға, қолдануға (пайдалануға) және қолдауға тиіс:

а) өзекті құқықтық талаптарға, сондай-ақ оның қауіптеріне, ЕҚ және ДС саласындағы тәуекелдеріне және ЕҚ және ДС менеджмент жүйесіне қолданылатын басқа да талаптарға қол жеткізуді орнату және алу;

б) осы құқықтық және басқа да талаптарды ұйымға қалай қолдану және олардың қайсысын тиісті қызметкерлердің назарына жеткізу қажет екенін белгілеу;

с) ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін құру, енгізу, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және тұрақты жақсарту кезінде осы құқықтық және басқа да талаптарды есепке алу.

Ұйым оған қолданылатын құқықтық және басқа да талаптар туралы құжатталған ақпаратты әзірлеуге, өзекті жағдайда ұстауға, қолдануға, сондай-ақ тіркеуге және сақтауға, сондай-ақ осы құжатталған ақпараттың барлық өзгерістерді көрсету үшін өзекті күйінде ұсталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Ескертпе-Құқықтық және басқа талаптар ұйым үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктердің пайда болуына әкелуі мүмкін.

6.1.4 Іс-әрекеттерді жоспарлау

Ұйым мыналарды жоспарлауға тиіс:

а) іс-әрекеттерді іске асыру:

1) осы тәуекелдер мен мүмкіндіктерге әрекет ету бойынша (6.1.2.2 және 6.1.2.3 қараңыз);

2) құқықтық және басқа талаптарға әрекет ету бойынша (6.1.3 қараңыз);

3) апат жағдайларына дайын болуды және оларға әрекет етуді қамтамасыз ету бойынша (8.2 қараңыз);

б) төмендегілерді:

1) осы іс-әрекеттерді өзінің ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің процестеріне немесе басқа бизнес-процестерге біріктіру және оларды іске асыру;

2) осы іс-әрекеттердің нәтижелілігін бағалау.

Ұйым басқару иерархиясын (8.1.2 қараңыз) және іс-қимылдарды жоспарлау кезінде ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің жұмыс істеу нәтижелерін назарға алуға тиіс.

Ұйым өз іс-қимылдарын жоспарлау кезінде озық тәжірибені, өзінің технологиялық мүмкіндіктерін, сондай-ақ бизнестің қаржылық, өндірістік (функционалдық) талаптары мен талаптарын қарауға тиіс.

6.2 ЕҚ және ДС саласындағы мақсаттар және олардың жетістіктерін жоспарлау

6.2.1 ЕҚ және ДС саласындағы мақсаттар

Ұйым ЕҚ және ДС саласында тиісті функционалдық құрылымдар мен деңгейлер үшін ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің жұмыс істеуін және тұрақты жақсартылуын қамтамасыз ету және ЕҚ және ДС саласындағы қызмет нәтижелерін қамтамасыз ету үшін мақсаттарды белгілеуге тиіс. (10.3 қараңыз).

ЕҚ және ДС саласындағы мақсаттар:

- a) ЕҚ және ДС саласындағы саясатпен келісілуі;
- b) өлшенетін болуы (егер бұл іс жүзінде мүмкін болса) немесе бағалау мүмкіндігі болуы;
- c) мыналарды ескеруі (назарға алуы):
 - 1) қолданылатын талаптар;
 - 2) тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау нәтижелерін (6.1.2.2 және 6.1.2.3 қараңыз);
 - 3) қызметкерлермен (5,4 қараңыз) және бар болса, олардың өкілдерімен кеңесуі;
 - d) мониторингке жатуы;
 - e) ұйым қызметкерлеріне мәлімденуі;
 - f) тиісті дәрежеде өзектендірілуіге тиіс.

6.2.2 ЕҚ және ДС саласындағы мақсаттарға қол жеткізуді жоспарлау

Ұйым ЕҚ және ДС саласындағы мақсаттарға қол жеткізуді жоспарлаған кезде төмендегілерді белгілеуге тиіс:

- a) қандай істер орындалуы қажет;
- b) оған қандай ресурстар қажет болады;
- c) оған кім жауапты болады;
- d) ол қашан аяқталады;
- e) индикаторларды/ мониторингке арналған нәтижелерді қоса алғанда нәтижелер қалай бағаланады;
- f) ЕҚ және ДС саласындағы мақсаттарға қол жеткізу бойынша іс-әрекеттер ұйымның бизнес-процестеріне қалай біріктіріледі.

Ұйым ЕҚ және ДС саласындағы мақсаттар мен оларға қол жеткізу жоспарлары туралы құжатталған ақпаратты әзірлеуге, өзекті жағдайда ұстауға, сондай-ақ тіркеуге және сақтауға тиіс.

7 Қамтамасыз ету құралдары

7.1 Ресурстар

Ұйым ЕҚ және ДС менеджменті жүйесін құру, қолдану (пайдалану), жұмыс жағдайында ұстау және тұрақты жақсарту үшін қажетті ресурстарды белгілеуге (анықтауға) және беруге тиіс.

7.2 Құзыреттілік

Ұйым:

- a) ЕҚ және ДС саласындағы қызметтің нәтижелеріне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін қызметкерлердің қажетті құзыреттілігін белгілеуге (анықтауға);
- b) қызметкерлердің тиісті (лайықты) білім, дайындық немесе тәжірибе негізінде құзыретті болуын (қауіптілікті анықтау қабілетін қоса алғанда) қамтамасыз етуге;
- c) қолдануға болатын жерлерде қажетті құзыреттілікті сатып алу және қолдау бойынша іс-әрекеттерді жүзеге асыруға және жүзеге асырылған іс-әрекеттердің нәтижелілігін бағалауға;
- d) құзыреттіліктің куәлігі ретінде қолданылатын тиісті (жарамды) құжатталған ақпаратты тіркеуге және сақтауға тиіс.

Ескертпе-Қолданылатын іс-әрекеттер, мысалы, қарамағындағы персоналды даярлауды ұйымдастыруды, оған тәлімгерлік институтын қолдануды немесе орындаушыларды ауыстыруды, сондай-ақ құзыретті персоналды жалдауды немесе келісім-шарт бойынша жұмысқа осындайларды тартуды қамтуы мүмкін.

7.3 Хабардарлық

Қызметкерлерге мыналар хабарлануы (мәлімденуі) тиіс:

- a) ЕҚ және ДС саласындағы саясат пен мақсаттар туралы;
- b) ЕҚ және ДС саласындағы қызметтің жақсартылған нәтижелерінен пайданы қоса алғанда, олардың ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің нәтижелілігін қамтамасыз етуге қосқан үлесі туралы;
- c) ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкессіздіктің мәні мен әлеуетті салдары туралы;
- d) оқиғалар және оларды тергеу нәтижелері туралы;
- e) ЕҚ және ДС саласындағы қауіптер, тәуекелдер және оларға қатысты белгіленген іс-әрекеттер туралы;
- f) өз жұмысының барысында олардың өміріне немесе денсаулығына елеулі қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау мүмкіндігі туралы, сондай-ақ егер қауіпті жағдай орын алса, оларды қолайсыз салдардан қорғау жөніндегі шаралар туралы.

7.4 Ақпарат алмасу

7.4.1 Жалпы ережелер

Ұйым төмендегілерді қоса алғанда, ЕҚ және ДС менеджменті жүйесіне жататын мәселелер бойынша ішкі және сыртқы коммуникацияны жүзеге асыру үшін қажетті процесті (үрдістерді) құруға, қолдануға (пайдалануға) және жұмыс жағдайында ұстауға тиіс:

- a) коммуникация қандай мәселелер бойынша жүзеге асырылады;
- b) коммуникация қашан жүзеге асырылады;
- c) коммуникация кіммен жасалады:
 - 1) ұйымның әр түрлі деңгейдегі және әр түрлі функционалдық құрылымдары арасында;
 - 2) мердігерлер мен жұмыс орнына келушілер арасынан;
 - 3) басқа да мүдделі тараптар арасынан;
 - d) коммуникация қалайша жүзеге асырылады.

Ұйым өзінің коммуникацияға деген қажеттіліктерін қарау кезінде айырмашылықтарды (мысалы, жынысын, тілін, мәдениетін, сауаттылық деңгейін, әрекетке қабілеттілігінің шектеулерін) ескеруге тиіс.

Ұйым өзінің коммуникация процес(тер)ін құру кезінде сыртқы мүдделі тараптардың көзқарасы қаралуын қамтамасыз етуге тиіс.

Ұйым өзінің коммуникация процес(тер)ін құру кезінде:

- өзіне қатысты құқықтық және басқа талаптарды екеруі;

- ЕҚ және ДС мәселелері бойынша берілетін ақпарат ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің шеңберінде пайда болатын ақпаратпен келісілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Ұйым ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі туралы тиісті ақпаратқа әрекет етуге тиіс.

Ұйым құжатталған ақпаратты өз коммуникациясының куәлігі ретінде тиісті түрде бекітуі және сақтауға тиіс.

7.4.2 Ішкі коммуникация

Ұйым:

а) ЕҚ және ДС менеджменті жүйесіне қатысты ақпаратты, ЕҚ және ДС менеджменті жүйесіндегі өзгерістер туралы ақпаратты қоса алғанда, ұйымның әр түрлі деңгейлеріне және функционалдық құрылымдарына сәйкес (қолайлы) тәсілмен жеткізуі;

б) өзінің коммуникация процестері қызметкерлерге тұрақты жақсартуға өз үлестерін қосуға мүмкіндік беруін қамтамасыз етуге тиіс.

7.4.3 Сыртқы коммуникация

Ұйым ЕҚ және ДС менеджменті жүйесіне қатысты ақпаратты ескере отырып және белгіленген коммуникация процестеріне сәйкес сыртқа таратуға тиіс.

7.5 Құжатталған ақпарат

7.5.1 Жалпы ережелер

Ұйымның ЕҚ және ДС менеджменті жүйесі мыналарды қамтуға тиіс:

а) осы стандартта талап етілетін құжатталған ақпарат;

б) ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін қажетті ретінде ұйым белгілеген құжатталған ақпарат.

Ескертпе – Бір ұйымның ЕҚ және ДС менеджменті жүйесіне арналған құжатталған ақпараттың толықтық деңгейі және көлемі екінші ұйымдікінен мыналарға байланысты ерекшеленуі мүмкін:

- ұйымның көлеміне және оның қызметінің сипатына, процестеріне, өнімдері мен қызметтеріне қарай;

- құқықтық және басқа талаптардың орындалуын көрсету қажеттілігіне қарай;

- процестердің күрделілігіне және олардың өзара байланыстылығына қарай;

- қызметкерлердің құзыреттілігіне қарай.

7.5.2 Құжатталған ақпаратты құру және оны өзектендіру

Құжатталған ақпаратты құру және оны өзектендіру кезінде ұйым мыналарды тиісті (қолайлы) дәрежеде қамтамасыз етуге тиіс:

а) оларды сәйкестендіру және сипаттау/белгілеу (мысалы, оның тақырыбын, күнін, авторларын немесе есептік номерін көрсету арқылы);

б) оның форматы (мысалы, мазмұндау тілін, бағдарламалық қамсыздандыру

ҚР СТ ISO 45001-2019

версиясын, графикалық кескіндеу құралдарын белгілеу арқылы) және тиісті тасымалдағышқа орналастыру (мысалы, ақпарат қағазда немесе электронды тасымалдағышта болуға тиіс екенін көрсету арқылы);

с) жарамдылығы мен баламалылығы тұрғысынан ақпаратты талдау және бекіту.

7.5.3 Құжатталған ақпаратты басқару

ЕҚ және ДС менеджменті жүйесі және осы стандарт талап ететін құжатталған ақпарат төмендегілерді қамтамасыз ету үшін басқарылуға тиіс:

а) қажет болған жерлерде қолдану үшін қол жетімді және жарамды;

б) адекватты қорғалған (мысалы, құпиясын ашудан, тиіссіз жерлерге пайдаланудан немесе тұтастығын жоюдан).

Құжатталған ақпаратты басқару үшін ұйым төмендегілерді қолданылатын көлемде қарастыруға тиіс:

- ақпаратты тарату, оған қол жеткізу құқығы, ақпаратты алу мүмкіндігі, сондай-ақ ақпаратты пайдалану;

- ақпаратты оқуға мүмкіндік беретін түрде сақтауды қоса алғанда, жинақтау және сақтау (қорғау);

- өзгерістерін басқару (мысалы, версияларын/редакцияларын басқару);

- ақпаратты сақтау мерзімі және жою тәртібі.

Ұйым ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін жоспарлау және оның жұмыс істеуі үшін қажетті ретінде белгілеген сыртқы шығу тегі құжатталған ақпарат тиісті (лайықты) түрде сәйкестендірілуі және басқаруында болуға тиіс.

Ескертпелер:

1 Қол жеткізу құқығы құжатталған ақпаратты қарауға немесе құжатталған ақпаратты оны өзгерту өкілеттігімен бірге қарауға рұқсат беруді ғана көздеуі мүмкін..

2 Тиісті құжатталған ақпаратқа қол жеткізу оған қызметкерлердің және бар болса, олардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтиды.

8 Қызметтері

8.1 Қызметтерді жоспарлау және басқару

8.1.1 Жалпы ережелер

Ұйым ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің талаптарын қанағаттандыру үшін және 6-бөлімде айқындалған іс-әрекеттерді іске асыру үшін қажетті процестерді жоспарлауы және қолдануы (пайдалануы), сондай-ақ осы процестерді төмендегілер арқылы басқаруы және оларды жұмыс жағдайында ұстап тұруға тиіс.:

а) процестерге арналған критерийлерді белгілеу;

б) осы критерийлер негізінде процестерді басқаруды қолдану;

с) процесс жоспарланғандай жүзеге асырылғанына сенімді болу үшін қажетті көлемде құжатталған ақпаратты әзірлеу, өзекті жағдайда ұстау, қолдану, сондай-ақ жүргізу және сақтау;

д) жұмысты қызметкерлерге ыңғайлы етіп бейімдеу.

Жұмыстарды орындау орындарында бір мезгілде әртүрлі ұйымдардың қызметкерлері болуы мүмкін жағдайларда ұйым ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің тиісті бөліктерінің жұмыс істеуін басқа ұйымдармен келісуге тиіс.

8.1.2 ЕҚ және ДС саласындағы қауіптерді жою және тәуекелдерді азайту

Ұйым басқару құралдары мен әдістерінің келесі иерархиясын пайдалана отырып, ЕҚ және ДС саласындағы қауіптерді жою және тәуекелдерді азайту процесін (процестерін) құруға, қолдануға(пайдалануға) және жұмыс жағдайында ұстауға тиіс:

- a) қауіптерді жою;
- b) процесстер, операциялар, материалдар немесе жабдықтардың қауіпсіздеу түрлеріне ауыстыру;
- c) техникалық құралдар мен басқару әдістерін қолдану және жұмыстарды қайта ұйымдастыру;
- d) қызметкерлерді даярлауды қоса алғанда, әкімшілік құралдар мен басқару әдістерін қолдану;
- e) адекватты жеке қорғаныс құралдарын қолдану.

Ескертпе - Көптеген елдерде құқықтық және басқа талаптар қызметкерлерге жеке қорғану құралдарының (ЖҚК) тегін берілуі туралы ережені қамтиды.

8.1.3 Өзгерістерді басқару

Ұйым төмендегілерді қоса алғанда, ЕҚ және ДС саласындағы қызмет нәтижелеріне әсер ететін жоспарланған уақытша және тұрақты өзгерістерді басқару процесін (процестерін) құруға тиіс:

- a) төмендегілерді қоса алғанда, жаңа өнімдерді, қызметтер мен процестерді енгізу немесе қолданыстағы өнімдерді, қызметтер мен процестерді өзгерту:
 - жұмыс орындары мен оның айналасының орналастырылуы;
 - жұмысты ұйымдастыру;
 - өндірістік жағдайлар;
 - жабдықтар;
 - жұмыс күші;
- b) құқықтық және басқа талаптардың өзгерістері;
- c) ЕҚ және ДС саласындағы қауіптер мен тәуекелдерге қатысты ақпараттың немесе білімнің өзгерістері;
- d) білім мен технология саласындағы әзірлемелер.

Ұйым қажет болғанда кез келген жағымсыз әсерлерді азайту бойынша іс-әрекеттерді қолдана отырып жоспарланбаған өзгерістердің салдарларын талдауға тиіс.

Ескертпе - Өзгерістер тәуекелдер мен мүмкіндіктерге әкелуі мүмкін.

8.1.4 Сатып алулар**8.1.4.1 Жалпы ережелер**

Ұйым өнім мен қызметтерді сатып алуды басқару процесін (процестерін) олардың өзінің ЕҚ және ДС менеджменті жүйесіне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында құруы, қолдануы (пайдалануы) және жұмыс жағдайында ұстауға тиіс.

8.1.4.2 Мердігерлер

Ұйым төмендегілерге байланысты ЕҚ және ДС саласындағы қауіптерді анықтау (сәйкестендіру), сондай-ақ тәуекелдерді бағалау және басқару мақсатында өзінің сатып алу процесін (процестерін) өзінің мердігерлерімен келісуге тиіс:

ҚР СТ ISO 45001-2019

- a) мердігердің ұйымға әсер ететін қызметтері және іс-әрекеті;
- b) мердігердің қызметкерлеріне әсер ететін ұйымның қызметі мен іс-әрекеттері;
- c) жұмыстарды жүргізу орнындағы басқа мүдделі тараптарға әсер ететін мердігердің қызметі мен іс-әрекеттері.

Ұйым мердігер мен оның қызметкерлерінің ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге тиіс. Ұйымдағы сатып алу процесі (процестері) мердігерлерді таңдау кезінде ЕҚ және ДС қатысты критерийлерді белгілеуге және қолдануға тиіс.

Ескертпе - Мердігерлерді таңдау кезінде ЕҚ және ДС байланысты критерийлерді келісімшарттық құжаттарға енгізу пайдалы болуы мүмкін.

8.1.4.3 Аутсорсинг

Ұйым аутсорсингке берілген функциялар мен процестердің басқаруда болуын қамтамасыз етуге тиіс. Ұйым аутсорсингті басқару жөніндегі оның шаралары құқықтық және басқа да талаптармен, сондай-ақ оның ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі белгілеген нәтижелерге қол жеткізумен келісілуін қамтамасыз етуге тиіс. Осы функциялар мен процестерге қолданылуға тиіс басқару түрі мен дәрежесі ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі шеңберінде белгіленуге тиіс.

Ескертпе - Сыртқы жеткізушілердің іс-әрекеттерін ұйыммен келісу аутсорсингтің ЕҚ және ДС саласындағы қызметтің нәтижелеріне көрсететін барлық әсерлерді ескеруге көмектесе алады.

8.2 Апат жағдайына дайындық және апатта әрекет ету

Ұйым төмендегілерді қоса алғанда, 6.1.2.1 сәйкес анықталған әлеуетті апат жағдайларына дайындық және оларға әрекет ету үшін қажетті процесті (процестерді) құруға, қолдануға (пайдалануға) және жұмыс жағдайында ұстауға тиіс:

- a) алғашқы көмек көрсетуді қоса алғанда, апат жағдайына жоспарлы әрекет ету механизмін құру;
- b) уақытында әрекет ету үшін оқумен қамтамасыз ету;
- c) жоспарланған іс-шараларды орындауға жоспарлы әрекет ету үшін мерзімді оқу-жаттығу сабақтарын өткізу;
- d) тиімділігін бағалау және қажет болғанда жоспарланған әрекет етуді, әсіресе оның ішінде апат жағдайы туындағаннан кейін жоспарланған әрекет етуді қайта қарау;
- e) барлық қызметкерлердің міндеттері мен жауапкершілігіне қатысты ақпаратты тарату, сондай-ақ оларға мәлімдеу;
- f) тиісті ақпаратты мердігерлерге, келушілерге, апаттық қызметтерге, билік органдарына және егер ол қолайлы болса, жергілікті қоғамдастыққа жеткізу;
- g) барлық тиісті мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін есепке алу және олардың жоспарлы әрекет ету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысуын қамтамасыз ету (қолайлы көлемде).

Ұйым процесс (процестер) туралы құжатталған ақпаратты, сондай-ақ әлеуетті апат жағдайларына әрекет ету жоспарларын әзірлеуі, өзекті жағдайда ұстауы, қолдануы, сондай-ақ бекітуі және сақтауға тиіс.

9 Қызмет нәтижелерін бағалау

9.1 Қызмет нәтижелерін мониторингілеу, өлшеу, талдау және бағалау

9.1.1 Жалпы ережелер

Ұйым қызмет нәтижелерін мониторингілеу, өлшеу, талдау және бағалау процестерін құруға, қолдануға және жұмыс күйінде ұстауға тиіс.

Ұйым төмендегілерді белгілеуге тиіс:

- a) төмендегілерді қоса алғанда, мониторинг мен өлшеу жүргізуге тиіс:
 - 1) құқықтық және басқа талаптардың орындалу деңгейі;
 - 2) анықталған (сәйкестендірілген) қауіптерге, тәуекелдерге және мүмкіндіктерге қатысты өз қызметі мен операциялары;
 - 3) ұйымның ЕҚ және ДС саласындағы мақсаттарына қол жеткізу деңгейі;
 - 4) өндірістік және басқа құралдардың және басқару әдістерінің нәтижелілігі;
- b) қолданылу шамасына қарай олардың нәтижелерінің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін қызмет нәтижелерін мониторингілеу, өлшеу, талдау және бағалау әдістері;
- c) ұйым өзінің ЕҚ және ДС саласындағы қызметтерінің нәтижелерін бағалайтын критерийлер;
- d) мониторинг пен өлшеулер жүргізілетін кезде;
- e) мониторинг пен өлшеулердің нәтижелері талданатын, бағаланатын және таратылатын кезде.

Ұйым ЕҚ және ДС саласындағы өз қызметінің нәтижелерін бағалауы және ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің нәтижелілігін белгілеуі (анықтауы) тиіс.

Ұйым қолданылатын шамада мониторинг және өлшеу үшін калибрленген немесе верификацияланған (тексерілген) жабдықтың қолданылуын және оның тиісті (лайықты) түрде жұмыс жағдайында ұсталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Ескертпе - Мониторинг пен өлшеуге арналған жабдықтарды калибрлеуге немесе верификациялауға (тексеруге) қатысты құқықтық немесе басқа да талаптар (мысалы, ұлттық немесе халықаралық стандарттар) болуы мүмкін.

Ұйым мынадай тиісті құжатталған ақпаратты тіркеуге және сақтауға тиіс:

- мониторинг, өлшеу, талдау және қызмет нәтижелерін бағалау нәтижелерінің куәлігі болып табылатын;
- өлшеу жабдығын жұмыс жағдайында ұстау, калибрлеу немесе верификациялау (тексеру) туралы.

9.1.2 Сәйкестік деңгейін бағалау

Ұйым құқықтық және басқа талаптарға сәйкестік дәрежесін бағалау процесін (процестерін) құруға, қолдануға (пайдалануға) және жұмыс жағдайында ұстауға тиіс. (6.1.3 қараңыз).

Ұйым:

- a) сәйкестік дәрежесін бағалауды жүргізу әдістері мен жиілігін белгілеуі (анықтауы);
- b) сәйкестік дәрежесін бағалауы және қажет болған жағдайда тиісті іс-қимылдарды жүзеге асыруы (10.2 қараңыз);
- c) білім жинақтау және құқықтық және басқа талаптарға өзінің сәйкестік мәртебесін (бар сәйкестік дәрежесін) түсінуді қамтамасыз етуі;
- d) бағалау нәтижелері туралы құжатталған ақпаратты тіркеуі және сақтауға тиіс.

ҚР СТ ISO 45001-2019

9.2 Ішкі аудит

9.2.1 Жалпы ережелер

Ұйым ЕҚ және ДС менеджменті жүйесі болып табылатыны туралы ақпарат алу үшін жоспарланған уақыт аралықтары арқылы ішкі аудиттер жүргізуге тиіс:

а) мыналарға:

- 1) ұйымның өзінің ЕҚ және ДС менеджмент жүйесіне қойылатын, ЕҚ және ДС саласындағы саясат пен мақсаттарға қойылатын талаптарды қоса алғанда, өз талаптарына;
- 2) осы стандарттың талаптарына;
- б) тиімді қолданылатын (пайдаланылатын) және жұмыс жағдайына сәйкес.

9.2.2 Ішкі аудит бағдарламасы

Ұйым:

а) аудит жүргізудің жиілігі мен әдістерін, жауапкершілікті, тексеру үшін жоспарланған талаптарды, консультацияларды, сондай-ақ тексеру үшін таңдалған процестердің маңыздылығын және алдыңғы аудит нәтижелерін ескеруге тиіс аудит туралы есептілікті қоса алғанда, аудит бағдарламасын(бағдарламаларын) жоспарлау, жасау, орындауды қамтамасыз ету және өзекті жағдайда ұстау;

б) әрбір аудит үшін аудит критерийлерін және аудитке жататын облыстарды белгілеу;

с) аудиторларды таңдау және аудит процесінің объективтілігі мен әділдігі қамтамасыз етілетіндей аудит жүргізу;

д) аудиттердің нәтижелері тиісті басшылардың назарына жеткізілуін қамтамасыз етуге; аудиттердің тиісті нәтижелері қызметкерлердің және бар болса, қызметкерлер өкілдерінің, сондай-ақ басқа да тиісті мүдделі тараптардың назарына жеткізілуін қамтамасыз етуге;

е) сәйкессіздіктерге жауап ретінде тиісті іс-әрекеттерді жүзеге асыру және ЕҚ және ДС саласындағы өз қызметінің нәтижелерін үнемі жақсарту (10-тарауды қараңыз);

ф) аудит бағдарламасын және аудит нәтижелерін іске асыру куәлігі болып табылатын құжатталған ақпаратты тіркеу және сақтау.

Ескертпе - Аудит өткізу және аудиторлардың құзыреттілігі мәселелері бойынша қосымша ақпарат алу үшін ISO 19011 қарау керек.

9.3 Басшылық тарапынан талдау

Жоғары басшылық жоспарланған уақыт кезеңдерінен кейін ұйымның ЕҚ және ДС менеджмент жүйесіне оның сақталатын жарамдылығын, адекваттылығын және нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін талдау жүргізуге тиіс.

Басшылық тарабынан талдауға төмендегілерді қарау жатады:

а) басшылық тарапынан алдыңғы талдаулардың шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің мәртебесі (іске асыру дәрежесі);

б) төмендегілерді қоса алғанда, ЕҚ және ДС менеджмент жүйесімен байланысты сыртқы және ішкі факторлардағы (жағдайлардағы) өзгерістер;

1) мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен болжаулары;

2) құқықтық және басқа талаптар;

3) тәуекелдер мен мүмкіндіктер;

с) ЕҚ және ДС саласындағы саясатты іске асыру және ЕҚ және ДС саласындағы мақсаттарға қол жеткізу дәрежесі;

d) төмендегілерге қатысты үрдістерді қоса алғанда, ЕҚ және ДС саласындағы қызмет нәтижелері туралы ақпарат:

- 1) оқиғалар, сәйкессіздіктер, түзетуші әрекеттер және тұрақты жақсарту;
- 2) мониторинг және өлшеу нәтижелері;
- 3) құқықтық және басқа талаптарға сәйкестік деңгейін бағалау нәтижелері;
- 4) аудит нәтижелері;
- 5) қызметкерлер консультациясы және олардың қатысуы;
- 6) тәуекелдер мен мүмкіндіктер;
- е) ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің нәтижелі жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған ресурстардың адекваттылығы;

f) мүдделі тараптармен коммуникацияның нәтижелілігі;

g) тұрақты жақсартуға арналған мүмкіндіктер.

Басшылық тарапынан талдау нәтижелері төмендегілерге қатысты шешімдерді қамтуға тиіс:

- белгіленген нәтижелерге жетуде ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің жарамдылығын, адекваттылығын және нәтижелілігін сақтауға қатысты қорытынды;
- тұрақты жақсарту мүмкіндіктері;
- ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің өзгерістеріндегі барлық анықталған қажеттіліктер;
- ресурстардағы қажеттіліктер;
- қажет болған жағдайлардағы іс-қимылдар;
- ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің басқа бизнес-процестермен интеграциялану дәрежесін арттыру мүмкіндіктері;
- Ұйымды дамытудың стратегиялық бағытына қатысты барлық ұсыныстар.

Жоғары басшылық басшылықтың тарапынан талдаудың тиісті нәтижелері туралы ақпаратты өз қызметкерлеріне және бар болса олардың өкілдеріне жеткізуге тиіс (7.4 қараңыз).

Ұйым басшылық тарапынан талдау нәтижелерінің куәлігі болып табылатын құжатталған ақпаратты тіркеуге және сақтауға тиіс.

10 Жақсарту

10.1 Жалпы ережелер

Ұйым жақсартулар үшін мүмкіндіктерді анықтауға тиіс (9-бөлімді қараңыз) және ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі белгілеген нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті іс-қимылдарды жүзеге асыруға тиіс.

10.2 Оқиға, сәйкессіздік және түзетуші әрекеттер

Ұйым оқиғалар мен сәйкессіздіктерді, олар туралы есептілікті, оларды тексеруді және тиісті іс-қимылдарды жүзеге асыруды қоса алғанда, белгілеу (айқындау) және басқару процесін(процестерін) құруға, қолдануға (пайдалануға) және жұмыс жағдайында ұстауға тиіс.

Оқиға немесе сәйкессіздік туындаған жағдайда ұйым мыналарды орындауға тиіс:

a) оқиғаға немесе сәйкессіздікке және ол қолданылатын көлемде уақтылы әрекет ету:

- 1) оларды басқару және оларды түзету жөніндегі іс-әрекеттерді жүзеге асыру;
- 2) салдарларға қатысты шара қолдану;
- b) қызметкерлердің қатысуымен (5.4 қараңыз) және басқа тиісті мүдделі

ҚР СТ ISO 45001-2019

тараптарды тарта отырып, оқиғаның түпкілікті себебін (себептерін) немесе сәйкессіздікті жою жөніндегі түзету іс-қимылының қажеттілігін, ол қайталанбауы немесе тағы бір жерде туындамауы үшін төмендегілердің негізінде бағалау:

- 1) оқиғаны тексеру немесе сәйкессіздікті талдау;
- 2) оқиғаның немесе сәйкессіздіктің себептерін анықтау;
- 3) осыған ұқсас оқиғаның болған-болмағанын немесе тағы бір жерлерде осыған ұқсас сәйкессіздік орын алғанын немесе әлі де туындауы мүмкін жерлерді анықтау;
- с) ЕҚ және ДС саласындағы тәуекелдерді, сондай-ақ басқа да тәуекелдерді бағалау нәтижелерін тиісті (лайықты) түрде талдау (6.1 қараңыз);
- д) басқару тәсілдері мен әдістерінің иерархиясына (8.1.2 қараңыз) және өзгерістер менеджментіне сәйкес түзету әрекеттерін қоса алғанда, барлық қажетті әрекеттерді анықтау және іске асыру (8.1.3 қараңыз);
- е) іс-әрекетті жүзеге асырғанға дейін жаңа немесе өзгерген қауіптерге қатысты ЕҚ және ДС саласындағы тәуекелдерді бағалау;
- ф) түзету әрекеттерін қоса алғанда, барлық жүзеге асырылған іс-әрекеттердің нәтижелілігін талдау;
- г) қажет болғанда ЕҚ және ДС менеджменті жүйесіне өзгерістер енгізу.
- h) түзетуші іс-әрекеттер анықталған оқиғалардың немесе сәйкессіздіктердің әсерінің немесе әлеуетті әсерінің маңыздылығына сәйкес келуі (жарамды болуы) тиіс.

Ұйым төмендегілердің куәлігі ретінде қолданылатын құжатталған ақпаратты тіркеуге және сақтауға тиіс:

- оқиғаның немесе сәйкессіздіктердің және олармен байланысты барлық келесі әрекеттердің сипаты;
- олардың нәтижелілігін қоса алғанда, әрбір іс-қимылдың және түзету іс-әрекетінің нәтижелері.

Ұйым осы құжатталған ақпаратты тиісті қызметкерлерге және бар болса олардың өкілдеріне, сондай-ақ тиісті мүдделі тараптарға мәлімдеуге тиіс.

Ескертпе - Оқиға туралы ақпаратты беру және оны қандай да бір кідіріссіз тексеру ЕҚ және ДС саласындағы қауіпті жылдам жоюға және олармен байланысты тәуекелдерді азайтуға көмектеседі.

10.3 Тұрақты жақсарту

Ұйым мынадай жолдармен ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің жарамдылығын, адекваттылығын және нәтижелілігін үнемі арттырып отыруға тиіс:

- а) ЕҚ және ДС саласындағы қызмет нәтижелерін жақсарту;
- б) ЕҚ және ДС менеджменті жүйесін қолдайтын мәдениетті дамыту;
- с) ЕҚ және ДС менеджменті жүйесін тұрақты жақсарту бойынша іс-қимылдарға қызметкерлердің қатысуын қолдау;
- д) тұрақты жақсарту жөніндегі қызметтің тиісті нәтижелері туралы ақпаратты қызметкерлерге және бар болса олардың өкілдеріне хабарлау;
- е) тұрақты жақсартудың куәлігі болып табылатын құжатталған ақпаратты өзекті жағдайда ұстау және тіркеу және сақтау.

А қосымшасы (ақпараттық)

Осы стандартты қолдану жөніндегі нұсқаулық

А.1 Жалпы ережелер

Осы қосымшадағы түсіндірме ақпарат осы стандарттағы талаптарды қате түсіндіруді болдырмауға арналған. Осы ақпарат осы талаптарға байланысты және келісілген болса да, ол оларға қосымша ретінде қызмет етуге, оларды азайтуға немесе оларды қандай да бір өзге тәсілмен өзгертуге арналмаған.

Осы стандарттың талаптары жүйелік көзқарас тұрғысынан қарауды қажет етеді және оларды бір-бірінен бөлек қарауға болмайды, яғни бір бөлімнің талаптары мен басқа бөлімдердің талаптары арасындағы байланыс болуы мүмкін.

А.2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта нормативтік сілтемелер жоқ. Менеджмент жүйесіндегі ЕҚ және ДС және басқа ISO стандарттары саласындағы басшылық нұсқауларға қатысты қосымша ақпарат алу үшін пайдаланушылар библиографияда көрсетілген құжаттарды қарай алады.

А.3 Терминдер мен анықтамалар

3-бөлімде ұсынылған терминдер мен олардың анықтамаларына қосымша, сондай-ақ қате түсіндіруді болдырмау үшін, төменде кейбір түсініктердің түсіндірмелері берілген.

а) «тұрақты» сөзі белгілі бір уақыт кезеңі ішінде, бірақ қызмет тоқтатыла тұратын аралықтармен жүзеге асырылатын қызметті білдіреді («үздіксіз» терминіне қарағанда, ол белгілі бір уақыт кезеңі ішінде оны үзбей жүзеге асырылатын қызметті білдіреді). Осы себепті «тұрақты» деген сөз жақсартуға қатысты пайдалану үшін қолайлы.

б) «қарастыру» сөзі бұл туралы ойлану қажет (ескеру) дегенді білдіреді, бірақ бұл алынып тасталуы мүмкін, ал «ескеру, назарға алу» бұл туралы ойлану қажет дегенді білдіреді және бұл алынып тасталмауы мүмкін.

с) «тиісті, лайықты» және «қолданылатын» сөздері өзара алмастырылмайды. «Тиісті, лайықты» жарамды, қолайлы (бір нәрсе үшін немесе бір нәрсеге) болу дегенді білдіреді және белгілі бір еркіндік дәрежесін болжайды, ал «қолданылатын» қолдану үшін жарамдылықты немесе қолдану мүмкіндігін білдіреді және егер бұл жасалуы мүмкін болса, бұл жасалуға тиіс деп болжайды.

д) осы стандартта «мүдделі тарап» термині қолданылады, бұл ретте «стейкхолдер» термині синоним болып табылады, өйткені ол сол ұғымды білдіреді.

е) «қамтамасыз ету» сөзі бұл үшін жауапкершілік берілуі мүмкін дегенді білдіреді, бірақ бұл істелгені үшін есеп бермейді.

ф) «құжатталған ақпарат» термині құжаттарды да, жазбаларды да қамту үшін пайдаланылады. Осы стандартта жазбаларды белгілеу үшін «куәлік ететін құжатталған ақпаратты тіркеу және сақтау...» деген орам және рәсімдерді қоса алғанда, құжаттарды белгілеу үшін «құжатталған ақпарат ретінде әзірленуі, өзекті жағдайда ұсталуы және қолданылуға тиіс» деген орам пайдаланылады. «Куәлік ететін құжатталған ақпаратты тіркеу және сақтау...» деген сөйлем сақталатын ақпараттың құқықтық мәні бар дәлелге қойылатын талаптарға сәйкестігін талап етуге арналмаған. Ол тіркелуі және сақталуға тиіс жазбаларды белгілеуге арналған.

г) «ұйымның басқаруында» жүзеге асырылатын қызмет ұйымның тиісті құралдар

ҚР СТ ISO 45001-2019

немесе әдістер негізінде басқаруды тарататын немесе оған қолданылатын құқықтық және басқа да талаптарға сәйкес ЕҚ және ДС саласындағы оның қызметінің нәтижелеріне байланысты жүзеге асырылатын жұмысқа басшылықты тарататын қызметті білдіреді.

Ұйымдар ерекше терминдер мен олардың мәнін пайдалануды ұйғаратын ЕҚ және ДС менеджменті жүйесіне қатысты талаптардың субъектісі бола алады. Егер мұндай басқа терминдер пайдаланылса, онда осы стандартқа сәйкестігін қамтамасыз ету бәрібір талап етіледі.

А.4 Ұйым ортасы

А.4.1 Ұйым және оның ортасы ұғымдары

Ұйым ортасы ұғымы (ұйым жұмыс істейтін жағдайларды) ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін құру, енгізу, жұмыс істеуін қамтамасыз ету және тұрақты жақсарту үшін пайдаланылады. Ішкі және сыртқы факторлар (жағдайлар) оң және теріс болуы мүмкін және ЕҚ және ДС менеджменті жүйесіне әсер етуі мүмкін шарттарды, сипаттамаларды немесе өзгерген жағдайларды қамтуы мүмкін, мысалы:

а) мыналар сияқты сыртқы факторлар (жағдайлар):

1) мәдени, әлеуметтік, саяси, құқықтық, қаржылық, технологиялық, экономикалық, табиғи және бәсекелі, олардың ауқымына қарамастан-халықаралық, ұлттық, өңірлік немесе жергілікті;

2) жаңа өндірістік учаскелерде жаңа бәсекелестердің, мердігерлердің, қосалқы мердігерлердің, жеткізушілердің, серіктестер мен провайдерлердің, жаңа технологиялардың, жаңа заңдар мен қауіптердің пайда болуы;

3) өнім туралы жаңа білім және оның денсаулық пен қауіпсіздікке әсері;

4) ұйымға әсер ететін тұтастай саладағы немесе оның тиісті секторындағы түйінді қозғаушы факторлар мен үрдістер;

5) ұйымның сыртқы мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынасы, сондай-ақ оларды ұйым қалай қабылдап, қандай мән береді;

6) жоғарыда тізімделгендердің өзгерістері;

б) мынадай ішкі факторлар (жағдайлар):

1) ұйымды басқару сипаты, оның ұйымдық құрылымы, функциялары мен есептілігін бөлу;

2) оларды іске асыру/қол жеткізу үшін қолданылатын саясат, мақсаттар, сондай-ақ стратегиялар;

3) ресурстар, білім және құзыреттілік тұрғысынан қаралатын мүмкіндіктер (мысалы, қолда бар капитал/қаржы, уақыт, адам ресурстары, процестер, жүйелер мен технологиялар);

4) ақпараттық жүйелер, ақпараттық ағындар, сондай-ақ шешімдер қабылдау процестері (ресми және бейресми);

5) жаңа өнімдерді, материалдарды, қызметтерді, құралдарды, бағдарламалық өнімдерді, жылжымайтын мүлік объектілері мен жабдықтарды игеру;

6) қызметкерлермен өзара қарым-қатынас, сондай-ақ олардың қалай қабылданатыны және олардың маңыздылығы қалай бағаланады;

7) фирмаішілік мәдениет;

8) ұйым орындау үшін қабылдаған стандарттар, басшылық нұсқаулар мен модельдер;

9) мысалы, аутсорсингке берілген қызметті қоса алғанда, келісімшарттық өзара қарым-қатынастардың нысандары мен көлемі;

10) жұмыс уақытын ұйымдастыру;

- 11) өндірістік жағдайлар;
- 12) жоғарыда тізімделгендердің өзгерістері.

А.4.2 Қызметкерлердің және басқа да мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен болжаулары ұғымы

Мүдделі тараптарға қызметкерлерге қосымша мыналар жатады:

- a) заңнамалық және қадағалау органдары (жергілікті, өңірлік, облыстық/провинциялық, ұлттық немесе халықаралық);
- b) бас ұйымдар;
- c) жеткізушілер, мердігерлер және қосалқы мердігерлер;
- d) қызметкерлердің өкілдері;
- e) қызметкерлердің ұйымдары (кәсіподақтары) және жұмыс берушілердің ұйымдары;
- f) меншік иелері, акционерлер, клиенттер, келушілер, жергілікті қоғамдастық және көрші ұйымдар, сондай-ақ жалпақ жұртшылық;
- g) тұтынушылар, қоғамдық қызметтер көрсететін медициналық және басқа ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, академиялық (ғылыми) топтар, бизнес-қауымдастықтар және үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ);
- h) денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында жұмыс істейтін ұйымдар, сондай-ақ қауіпсіздік және медициналық қызмет көрсету саласындағы кәсіби қызметкерлер.

Кейбір қажеттіліктер мен болжалдар міндетті болып табылады, мысалы, олар заңдар мен нормативтік актілердің құрамына енгізілген. Ұйым сондай-ақ басқа қажеттіліктер мен болжалдарды келісу немесе мақұлдау туралы шешімді ерікті түрде қабылдай алады (мысалы, қандай да бір бастамаларға ерікті түрде қосыла отырып). Егер ұйым олармен келіссе, бұл қажеттіліктер мен болжаудар ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін жоспарлау және құру кезінде қаралады.

А.4.3 ЕҚ және ДС менеджмент жүйесін қолдану саласын белгілеу

Ұйым ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің шекаралары мен қолданылуларын белгілегенде еркіндік пен икемділікке ие болады. Ұйымның осы бөлігінің жоғары басшылығының өзінің жеке міндеттері, жауапкершілігі және ЕҚ және ДС менеджменті жүйесін құру үшін өкілеттіктері бар болған жағдайда, шекаралар мен қолданылуы барлық ұйымды немесе оның нақты бөлігін (бөліктерін) қамтуы мүмкін.

Ұйымның ЕҚ және ДС менеджмент жүйесіне деген сенім осы жүйенің шекарасын таңдауға байланысты болады. Қолдану саласынан оның ЕҚ және ДС саласындағы қызметтерінің нәтижелеріне әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін қызметтерді, өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді немесе құқықтық және басқа талаптарды болдырмау үшін алып тастауға болмайды. Қолдану саласы ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің шекарасында жүзеге асырылатын ұйымның іс жүзіндегі қызметін көрсететін мәлімдеме болып табылады.

А.4.4 ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі

Ұйымның талдап тексеру және көлемін қоса алғанда, осы стандарттың талаптарын қалай орындауды шешетін өкілеттіктері, жауапкершілігі және дербестігі (дербестігі) сақталады, онда ол:

- a) бір немесе одан да көп процестер жасайды, олардың басқаруындағы сенімділікке

ҚР СТ ISO 45001-2019

қол жеткізу үшін, жоспарланғандай жүзеге асырылады және ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі белгілеген нәтижелерге қол жеткізеді;

б) ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің талаптарын бизнес-процестердің әртүрлі түрлеріне біріктіреді (мысалы, жобалау және әзірлеу, сатып алу, адам ресурстарын басқару, сату және нарықты зерттеу).

Егер осы стандарт ұйымның қандай да бір нақты бөлігінде қолданылса, ұйымның басқа бөліктерінде әзірленген саясат пен процестер оларды қолдану объектісі болатын осы нақты бөлікке қолданылатын және олар осы стандарттың талаптарына сәйкес келетін жағдайда осы стандарттың талаптарын орындауды қамтамасыз ету үшін пайдаланылуы мүмкін. Мысалдар ЕҚ және ДС саласындағы корпоративтік саясатты, білім беру бағдарламаларын, құзыреттілікті дайындау және қамтамасыз ету бағдарламаларын, сатып алуды басқару құралдары мен әдістерін қамтиды.

А.5 Көшбасшылық және қызметкерлердің қатысуы

А.5.1 Көшбасшылық және адалдық

Ұйымның жоғары басшылығы тарапынан терең түсіну, жауапкершілік, белсенді қолдау мен кері байланысты қоса алғанда, көшбасшылық және адалдық, ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің табысты болуы және белгілеген нәтижелерге қол жеткізу үшін өте маңызды, сондықтан жоғары басшылық өзі тікелей қатысатын немесе басқаратын мәселелер бойынша өзіне нақты жауапкершілік алуға тиіс.

ЕҚ және ДС саласындағы ұйымның менеджмент жүйесін қолдайтын жалпы фирмалық мәдениетті маңызды дәрежеде жоғары басшылық анықтайды және ЕҚ және ДС менеджменті жүйесіне адалдығын, сондай-ақ ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің стилі мен өнерін айқындайтын жеке және ол топтық құндылықтардың, позициялардың (көзқарастар), басқару практикасының, қабылдаудың, құзыреттіліктердің және қызмет сипатының жиынтығы болып табылады. Бұл қызметкерлердің белсенді қатысуы, өзара сенімге негізделген ынтымақтастық пен қарым-қатынас жасауы, ЕҚ және ДС саласындағы мүмкіндіктерді анықтауға белсенді тарту және ескерту және қорғау шараларының нәтижелілігіне сенімділік арқылы тарту арқылы ЕҚ және ДС менеджменті жүйесінің маңыздылығын қабылдауды тарату істерінен көрінеді (бірақ шектелмейді). Өз көшбасшылығын көрсетудің маңызды тәсілі қызметкерлерге оқиғалар, қауіптер, тәуекелдер мен мүмкіндіктер туралы баяндауға қолдау көрсету және ынталандыру, сондай-ақ қызметкерлерді жазалаудан (жұмыстан босату немесе тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану қатері сияқты) қорғау болып табылады.

А.5.2 ЕҚ және ДС саласындағы саясат

ЕҚ және ДС саласындағы саясат өз алдына жоғарғы басшылық ЕҚ және ДС саласындағы оның қызметінің нәтижелерін қолдау және үнемі жақсартудағы ұзақ мерзімді ниеттерін мәлімдейтін міндеттемелер ретінде мәлімделген бірқатар қағидаттарды білдіреді. ЕҚ және ДС саласындағы саясат осы жалпы ниеттерді көрсетеді, сондай-ақ ұйым өзінің мақсаттарын белгілеу және ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі белгілеген нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін негіз жасайды.

Бұл міндеттемелер бұдан кейін ұйым сенімді, сенімге лайықты және ЕҚ және ДС менеджментінің тоқтаусыз жүйесін қамтамасыз ету үшін жасайтын процестерде көрініс табады (осы стандарттың барлық нақты талаптарын есепке алуды қоса алғанда).

«Минималдау» (minimize) термині ЕҚ және ДС саласындағы тәуекелдерге қатысты ұйымның оның ЕҚ және ДС менеджмент жүйесіне қатысты ұмтылыстарын көрсету үшін

қолданылады. «Азайту» (reduce) термині оған қол жеткізу процесін сипаттау үшін қолданылады.

Ұйымның ЕҚ және ДС саласындағы өз саясатын әзірлеу кезінде оның басқа саясаттарға сәйкестігін және олармен келісілуін қарастыру керек.

А.5.3 Ұйымдағы міндеттер, жауапкершілік және өкілеттіктер

Ұйымның ЕҚ және ДС менеджмент жүйесіне тартылған адамдарға ЕҚ және ДС менеджмент жүйесі белгілеген нәтижелерге қол жеткізу үшін өз міндеттерін, жауапкершілігі мен өкілеттіктерін нақты түсіну қажет.

Жоғары басшылық жалпы жауапкершілікте болатын және ЕҚ және ДС менеджмент жүйесіне қатысты барлық өкілеттіктерге ие болған кезде, әрбір адам өз жұмыс орнында оның өз денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін ғана емес, сонымен қатар басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін ескеруі қажет.

Жоғары басшылықтың есеп беруі оның ұйымның басшы органы, ресми билік орындары алдындағы және неғұрлым кең мағынада ұйымның мүдделі тараптары алдындағы шешімдері мен іс-әрекеттері үшін жауапкершілігін білдіреді. Бұл түпкі жауапкершілікті көтеруді білдіреді және бірдеңе жасалмаған болса, жауапты тұлғаға қатысты, тиісті түрде жасалмаған, жұмыс істемейді немесе өз мақсатына жете алмайды.

Қызметкерлерге тиісті іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін қауіпті жағдайлар туралы баяндау мүмкіндігін беру керек. Оларда өздерінің алаңдаушылықтары (қауіптері) туралы тиісті жауапты адамдарға тәртіптік тәртіппен жұмыстан босатылған, жазаланған немесе қандай да бір басқа да жазаға тартылған болуға қауіптенбестен тиісті түрде баяндау мүмкіндігі болуға тиіс.

5.3-тармағында көрсетілген ерекше міндеттер мен жауапкершілік бір адамға жүктелуі, бірнеше тұлғалар арасында бөлінуі немесе жоғары басшылық мүшесіне жүктелуі мүмкін.

А.5.4 Қызметкерлермен кеңес беру және олардың қатысуы

Қызметкерлермен және олар бар жерде, олардың өкілдерімен консультациялар және олардың қатысуы ЕҚ және ДС менеджмент жүйесінің табыстылығының негізгі факторы болуы мүмкін және ұйым құрған процестер шеңберінде мұны қолдау қажет.

